

ЖҰРТТЫ АДАСТЫРУ АДАМДЫҚҚА ҚАЙШЫ
3-бет



СЫН САҒАТЫНДА
8-бет

zangazet@mail.ru
№42 (3573) 9 маусым 2023
ЗАҢ газеті
ZANMEDIA.KZ
Қоғамдық-саяси, құқықтық газет


## ҰТЫСТАН ҚҰР ҚАЛМАҢЫЗ!

Біздің басылымдарға жазылып,
ұтысты болыңыз!

Басты сыйлық – **АЙФОН 14 ПРО МАКС!**

Бұдан бөлек: Айфонның құлаққабы, сағаты, 2 REDMI NOTE 11 Pro ойнатылады. Сондай-ақ, қысқатолқынды пеш, шаңсорғыш, үтік секілді көптеген тұрмыстық техникалар бар. Бірқатар жүлдегер «Заң» медиа-корпорациясының» қолдауымен жарыққа шыққан «ШЫТЫРМАН» шығармалар жинағына ие болады.

**ҰТЫСҚА ҚАТЫСУ ҮШІН НЕ КЕРЕК?**

Ол үшін пошта бөлімшесіне барып:

«Заң газетіне» (индекс – 65921); «Юридическая газетаға» (индекс – 65928); «Заң» журналына (индекс – 75849); (Фемида» журналына (индекс – 75858) жыл соңына дейін жазылып, түбіртектің көшірмесін бізге жолдасаңыздар болғаны!

Екі басылымға жазылғандардың мүмкіндігі екі есе өседі!

ҰТЫС ИЕГЕРЛЕРІ 17 ШІЛДЕДЕ АНЫҚТАЛАДЫ.

**Ал, іске сәт!**






БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# АУЫЛДЫ ДАМЫТУ – АЛДАҒЫ КҮН ЕНШІСІНДЕ

**Қала мен ауылдың арасындағы айырмашылық азаюы керек. Бұл барлық базалық қызметтер мен әлеуметтік игіліктер бойынша қала мен ауыл арасындағы диспропорцияларды барынша қысқарту деген сөз. Осыған орай 2019 жылы Ұлттық экономика министрлігі әртүрлі елді мекендер үшін өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеген болатын. Халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын арттыруға бағытталған бұл іс – халыққа сапалы қызмет көрсету және тиісті объектілермен қамтамасыз ету деңгейін арттыруға байланысты мәселелерді шешуді көздейді.**

*(Соңы 3-бетте)*



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

**Жандос НҰРБЕКОВ,** *«NOMAD» этно орталығының жетекшісі:*

## «ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ҰТЫМДЫ ҚОЛДАНАТЫН КЕЗ КЕЛДІ»

***Жылдың өзге маусымына қарағанда жазда ел аралап, жер көруге тырысатындар барлық жерде күрт көбейеді. Әркім өз шама-шарқына қарай демалысты қызықты өткізуге тырысады. Кейбіреулер жарнамасына қызығып, шетелде демалғанды жөн санаса, енді бірі саяхатты өз елімізден бастағанды қалайды. Отандық туризмге қолдау көрсету мақсатында біз Алматы облысы Қарасай ауданындағы «NOMAD» этно орталығының жетекшісін сұхбатқа тартқан едік.***

**– Жандос, бұл орталықтың өзгелерден қандай ерекшелігі бар?**

– Біз бұл орталықты ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты барынша насихаттап, оны ары қарай дамыту мақсатында ашқан едік. Әлі күнге дейін одан айныған жоқпыз. Кейбіреулер секілді ұлттық мәдениетке тек табыс көзі ретінде қарап, «Ауырдың үсті, жеңілдің астымен» жүруден саналы түрде бас тарттық. Қиындықтан қорықпай сақ дәуірінен қазақ хандығына дейінгі ата-бабамыздың бүкіл қару-жарағы мен сауыт-сайманын зерттеуші ғалымдармен бірлесіп, түгел қалпына келтірдік.

*(Соңы 5-бетте)*

КӨКЕЙКЕСТІ

# ТІЛГЕ ӨГЕЙЛІКТІ ӨЗГЕ ЕМЕС, ӨЗІМІЗ ЖАСАП ОТЫРМЫЗ

**Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.**

Қазақстанда қылмыстық, азаматтық, әкімшілік сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі деп анық жазылған. Ал қажет болған жағдайда сот ісінде мемлекеттік тілмен қатар орыс және басқа тілдер қолданылады деп бекітілген. Бұл жерде біздің басты назар аударатын дүниеміз – «жүргізіледі» деген сөз бен «қолданылады» деген сөзді ауыстыруға болмайды. Атап айтқанда бұл тұрғыда «жүргізіледі» сөзі сот процесіне байланысты, ал «қолдану» оны тек сот процесінде пайдалану дегенді білдіреді. Оның үстіне қажет болған жағдайда ғана. Яғни, бұл тұрғыда айтарымыз заңның басты қасиеті оның нормативтік актілерден жоғары екендігінде және қалай оқылса, солай қолданылуға міндетті.

Егер, осы заңның мәтініне зер салып қарасақ, мемлекетімізде сот ісі мемлекеттік тілде, яғни, қазақ тілінде жүргізілуге тиіс. Мемлекеттік тілмен бірге орыс және басқа тілдер қолданылуы мүмкін. Алайда қажет болған жағдайда ғана.

Енді Азаматтық іс жүргізу кодексінің 14-бабына тоқталсақ. Оның бірінші бөлігінде сот ісі мемлекеттік тілде жүргізілетіндігі тайға таңба басқандай белгіленген. «Ал екінші бөлігінде сот ісі мемлекеттік тілде жүргізілетіні мүлдем жоққа шығарылып, «сот ісін жүргізу тілі сотқа талап-арыз берген тілге қарай сот ұйғарымымен беріледі» делінген. Енді осыдан туатын қорытындыға сүйенсек, сонда еліміздің соттарында қазіргі заңнаманың талабына қарай кез келген елден келген азамат істі өз тілінде қаратуға құқылы.

Ал екінші объективті фактор төңірегінде бұл мәселені қаузайтын болсақ, ол қызметкерлердің қазақ тілін меңгеруіне байланысты болып отыр. Осы процесті жүргізетін органның кейбір қызметкерлері мемлекеттік тілді жете меңгермеуімен бірге, қазақ тілінде іс жүргізуге төселмеуінде болып отыр. Қылмыстық істердің мемлекеттік тілде жүргізілуі, негізінен судьяның, прокурордың, тергеушінің мемлекеттік тілді білу деңгейіне байланысты.

Ал енді Қарағанды облысы Шахтинск қалалық сотында мемлекеттік тілде азаматтық істің қаралуы өте төмен. Мысалы, 2022 жылдың 12 айындағы статистикалық мәліметтер бойынша, қалалық сотқа түскен азаматтық істер бойынша, жалпы өтініштер саны 1394 құрайды, оның ішінде мемлекеттік тілде түскені тек 12 азаматтық іс. Ал жергілікті мемлекеттік мекемелерден, құқық қорғау органдарынан бірде-бір азаматтық іс мемлекеттік тілде тіркелмеген.

Сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілдің қолданылмауы тілге байланысты заңдар талаптарын өрескел бұрмалау салдарынан туындаған өзіміздің жасанды өзекті мәселеміз. Тілге өгейлікті өзге емес, өзіміз жасап отырмыз. Қолымыздан келгенше заңға сүйеніп, тілдің пайдаланылуын талап етсек, қазақ тілін толық қажеттілікке айналдырған болар едік. Сот ісін мемлекеттік тілде жүргізу тек соттардың жұмысы емес.

**М. РЫСЖАНОВ,**
**Шахтинск қалалық сотының судьясы**
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

РУХ

# ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ



**Тәуелсіздіктің таңы арайлап атып, еліміз егемендік алып, әлемнің саяси картасында «Қазақстан Республикасы» деп аталатын мемлекеттің пайда болғанына отыз жылдан аса уақыт өтті. Өшкеніміз жанып, өткеніміз қайта оралып, өз жерімізде тұрып, өз еліміздің атынан арман-тілегімізді еркін білдіретін дәрежеге жеттік.**

Егемен ел екенімізді айшықтайтын, беделіміз бен берекемізді анықтайтын қасиетті қазынамыз – ол Мемлекеттік рәміздеріміз. Рәміздер – елдің бет-бейнесін, қадір-қасиетін, ұлттық ерекшелігін анықтайтын белгі, ұлттық идеямыздың көрінісі. Отанды сүю, туған жерге, туған елге, өз халқыңа деген сүйіспеншілік. Перзенттік махаббат өз еліңнің рәміздерін танудан басталады.

Ежелден қалыптасқан түсінік бойынша орақ еңбекті, таға бақытты, зәкір үмітті, лира музаны, арыстан құдіретті бейнелеген көкшіл жалау бейбітшілік рәмізі деп танылған. Қазақтың қасиетті сахарасында Көк бөрінің бейнесі таңбаланған көк байрағы талай ғасыр желбіреп тұрды.

Әрбір мемлекеттің өзіне тән, кешегісін, бүгінгі жетістігін, болашағын айқындайтын өз рәміздері, – яғни, Туы, Елтаңбасы, Әнұраны болуы тиіс. Сонымен қатар, мемлекеттік рәміздің ажырамас, еншілес бөлігі – ол мемлекеттік тіл.

Әлем халқы біздің Отанымыз – Қазақстан елін, Қазақстан жерін еліміздің рәміздері арқылы танып, біліп, үлкен ықылас, құрмет білдіріп жататыны бізді қуантады, қанаттандырады, болашағымыздың жарқын екеніне сенім ұялатады. Көгімізде желбіреген көк туымыз – береке мен бірлікті, достық пен татулықты, ырыс пен ынтымақты паш етіп тұрғандай күйге бөлейді. Әлемнің көшбастар елдерінің тулары қатарында Қазақстанның көк байрағы ерекше орын алып, көк аспанмен таласып желбірегенде көкірегіңе жыр құйылып, көзіңе қуаныш жасы келетін күйді басыңнан кешіресің.

Көк туымыз халқымыздың асқақ арманын, қыран бүркіттей қырағылығын, арман қыран ұл-қыздары бар, болашағы жарқын ертеңі кемел ел екенін білдіреді. Мемлекеттік туымыздың көк түсі төбемізде бұлт шалмаған ашық аспанды, халқымыздың бірлігі мен ынтымағын, бейбітшілік пен татулығының нышаны. Күн – қозғалыс, даму, өсіп-өркендеудің, бейбіт өмірдің айшығы. Қанатын кеңге жайған қыран құс – еліміздің асқақ рухының бастауы, беделді билік пен айбынды күштің көрінісі.

Қазақстан Республикасының Елтаңбасы – өзінің көркі, нанымдылығы, мазмұны жағынан әлем елдері Елтаңбалары ішіндегі ең бір көзге ерекше түсетін, бір қарағанда-ақ ерекше сезімге бөлейтін құдірет деп айтсақ, артық емес шығар. Шындығында солай. Елтаңбамыздың алтын тірегі – Шаңырақ. Мемлекет отбасынан құралады. Қазақстандық әрбір отбасы, әрбір шаңырақ –еліміздің іргетасы. «Шаңырағың шайқалмасын» деген сөз бекер айтылмаған. Ал шаңырақты ұстап тұрған уықтар, еліміздің байлығы мен күші, қуанышы, халқымыздың береке, бірлігін білдіреді. Ақ мүйізді, алтын қанатты, қос пырақ: арыстанның айбатын, қыранның тектілігін паш еткендей. Бес бұрышты жұлдыз «Бағымыз жанып, жұлдызымыз жарқырай берсін» – деген асыл арманға жол көрсетіп тұрған шамшырақ сияқты. Алтай мен Атыраудың арасын жалғап жатқан алып елдің асқаралы бейнесін айшықтайтын мақтанышымыз – ол айшықты Елтаңбамыз.

Әлем жұрты Қазақстанды «Еуразияның кіндігі» деп танып отыр. Тәуелсіздік таңы атқанға дейін әлем кеңістігінде «Қазақстан» деген елдің барын білмеген, танымағандардың болғаны құпия емес. Тәуелсіздігіміздің құндылығы, тағылымы, міне, осы сәттерде анық сезіледі емес пе? Кез келген халықтың даму жолында заманында сол халыққа күш-қуат берген, рухын аспандатып, жігерін жаныған, шабытын шыңдаған музыкалық шығармаларды сол халықтың өзі дүниеге келтірген. Ол шығармалар тарихтың белгілі бір кезеңінде сол халықтың Әнұранына айналған. Мысалы, жоңғар шапқыншылығы кезінде тұтас бір дәуірдің қайғы-қасіретін, халықтың мұңмұқтажын айқындаған. «Елім-ай» әні осындай құдірет-күшке ие болған.

*Халқымыздың жұлдызы жанған ұлдары мен қыздары еліміздің Әнұранын бабалардың асыл аманаты, тұмары ретінде бағалайды, қастерлейді. Әнұранның әр жолынан дархан даланың дабылын, таулардың алып тұлғасын, тануға болады. Күні кеше ғана бокстан өткен Әлемдік додада жігіттеріміз жігер танытып, Ташкент төрінде Әнұранымыз төрт рет шырқалғанда, қуаныш сезіміне бөленбеген, санасына саз ұялап, терең тебіренбеген қазақ баласы болмаған шығар. Бұл – қасиетті Әнұранымыздың құдіреті.*

Осындай туындылар қатарына даңқты сазгер Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» атты шығармасын жатқызуға болады. Еліміздің Әнұраны туралы мәселе көтерілгенде халқымыздың ішкі дүниесін, болмысын, туған жерге, туған елге, Отанына деген махаббатын паш ететін шығарма көпшіліктің көңілінен шығып, бірауыздан Әнұран ретінде қабылданды. Тәуелсіздік алған жылдарда еліміздің Әнұраны әлемнің әр түкпірінде, әр биіктен шырқалып жатты. Бұл Қазақстанның әлем таныған іргелі елге, жасампаз жұртқа айналғанының белгісі.

Халқымыздың жұлдызы жанған ұлдары мен қыздары еліміздің Әнұранын бабалардың асыл аманаты, тұмары ретінде бағалайды, қастерлейді. Әнұранның әр жолынан дархан даланың дабылын, таулардың алып тұлғасын, тануға болады. Күні кеше ғана бокстан өткен Әлемдік додада жігіттеріміз жігер танытып, Ташкент төрінде Әнұранымыз төрт рет шырқалғанда, қуаныш сезіміне бөленбеген, санасына саз ұялап, терең тебіренбеген қазақ баласы болмаған шығар. Бұл – қасиетті Әнұранымыздың құдіреті.

1992 жылдың 4 маусымы Қазақстан Республикасының рәміздері бекітілген күн ретінде тарихта қалды. 2007 жылғы 4 маусымда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Біздің пайымдауымызша, мемлекетіміздің, еліміздің дербестігі мен тәуелсіздігін бүкіл әлемге танытатын тағы бір қасиетті рәміз ол – мемлекеттік тіліміз. Еліміздің саяси, экономикалық, әлеуметтік даму кезеңдерінде мемлекеттік тіл рәміздермен қатар тұру керек деп санаймыз.

Мемлекеттік тіліміз – біздің ұлттық рехымыз, ұлттық құндылығымыз, асыл қазынамыз, баға жетпес байлығымыз. «Ұлысыңды құтқарамын десең, ұлтыңды құтқар. Ұлтыңды құтқарамын десең, рухыңды құтқар» – деп дабыл қаққан екен заманында. «Тілім ертең өлетін болса, мен бүгін өлуге даярмын» деп жырлаған екен дауылпаз ақын Расул Гамзатов. Міне, осы жолдардан Мемлекеттік тілдің құндылығы Туымыздан, Елтаңбамыздан, Әнұранымыздан кем емес екендігі айқындалып тұр емес пе?

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңның 1997 жылдың 11 шілдесінде қабылданғаны белгілі. Содан бері 26 жыл өтіпті. Осы аралықта еліміздің саяси, экономикалық, әлеуметтік даму кезеңінде көптеген тарихи, түбегейлі өзгерістер болды. Мемлекеттік тіл тағдыры күн тәртібінен түспейтін мәселеге айналды. Әлі күнге дейін осы маңызды мәселе шешімін таппады. Сондықтан, мемлекеттік тіліміз – Ту, Елтаңба, Әнұран секілді жоғары мәртебеге ие болуы керек деген пікірімізді білдіреміз.

Біз қазақ топырағында дүниеге келген Қазақстан Республикасының азаматымыз. Бізде бір-ақ Отан-Ана бар, ол – Қазақстан Республикасы. Айтылған жағдай біздің басымызға қонған бақытымыз, өміріміздің мәні, салтанатымыздың сәні. Оны өскелең ұрпақ бағалайды, қастерлейді деп сенеміз.Еліміздің ертеңі жарығы, болашағы бекем, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын.

**Бағлан МАҚҰЛБЕКОВ,**
**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті Заң факультетінің конституциялық және азаматтық құқық кафедрасы профессорының міндетін атқарушы**

МІНБЕР

# ХАЛЫҚТЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕГІНЕН ТУҒАН ЗАҢ

Сот, құқықтық саладағы реформалардың діттегені – мемлекеттегі заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқығы мен бостандығын мінсіз қорғау. Ал соңғы жаңғыртулар бойынша тәжірибеге енгізілген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс – халықтың талап-тілегінен туған заң екеніне, әкімшілік әділет – елдік мүддеге бағытталған заманауи институт екеніне бүгінде көпшіліктің көзі жетті.

Елімізде жеке және заңды тұлғалар тарапынан мемлекеттік органдардың қызметіне қатысты әртүрлі дау көп. Тәуелсіздік алған кезден бері құзырлы органдардың жұмыс кезіндегі әрекетіне қатысты наразылық, даулар Азаматтық процестік кодекстің талабына сай қаралып келді. Жария-құқықтық дауларға қатысты тараптар реніші бұрыннан айтылатын. Бұл бағытта жаңашылдықтың қажет екенін айтып, тапсырма жүктегенде Президентіміз «Азаматтарымыз жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде көп жағдайда теңсіздік ахуалында қалып жатады. Олардың мүмкіндігін мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыруға мүмкін емес. Сондықтан осындай теңсіздіктерді болдырмау мақсатында дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділет құрылымын енгізу қажет», – деген болатын. Міне, содан бері әкімшілік әділет қоғамға дендеп еніп, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті қару еткен жаңа сотпардың екі жыл ішінде өзіндік тәжірибесі қалыптасып үлгерді. Ендеше, жаңа институт пен жаңа заң Мемлекет басшысы нұсқаған межеден табылып, үдеден шыға алды ма?

Бұған дейін елімізде сот ісін жүргізудің қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқықбұзушылық деген үш түрі болды. Ал 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап билік органдарымен дауда жеке және заңды тұлғалар құқығын қорғауға бағытталған әкімшілік әділет құрылымы іске қосылды.

Әкімшілік әділеттің жаңашылдығы аз емес. Мысалы жаңа заң қабылданғанға дейін жария-құқықтық даулар азаматтық заңнама бойынша таразыланып, азаматтық іс қарайтын соттардың өндірісінде болды. Мұндай даулардың дені әкімшілік органдардың пайдасына шешіліп келгені белгілі. Даулардың 85 пайызында әкімшілік органдар басым түскендіктен қарапайым халық сотқа, сол арқылы мемлекеттік билікке сенбейтін. Ал қазір республика бойынша қаралған істердің орташа есеппен 52 пайызында азаматтар талабы қанағаттандырылады. Бұл әкімшілік әділет бойынша жеке тұлғалар құқығын қорғаудың жеңілдегенін, азаматтардың сотқа деген сенімінің артқанын дәлелдейді.

Бұрын Азаматтық процестік кодексте сот екі тарапқа тең қарайтын. Кімнің дәлелі анық әрі көп болса, сот соның пайдасына шешім шығаратын. Бұл жерде әкімшілік ресурсы көп мемлекеттік органдардың басымдыққа ие болатыны айтпаса да түсінікті. Ал жаңа кодекс азаматтар мен заңды тұлғаларды дәлел жинау ауыртпалығынан құтқарды. Қазір соттың мейлінше әлсіз топтың жағында болып, дәлелдеу міндетінің жеке тұлғаларға емес, мемлекеттік органға жүктелуі де оң өзгерістің бірі.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің Азаматтық процестік кодекстен айырмашылығы мүмкіндік шектелмейді. Әкімшілік әділетте судья барынша белсенді. Осыған орай бүгінде сот арыз иелеріне барынша көмектеседі. Әрі енді арыз жазған тұлға өзі шағымданған мемлекеттік орган әрекетінің заңды не заңсыз екенін дәлелдемейді. Керісінше, құзырлы мекеме өз шешімінің заңдылығын, негізділігін дәлелдеуі тиіс. Судьяның әкімшілік істегі құқықтық негіздемелер бойынша өзінің құқықтық пікірін алдын ала айтуы да азаматтарға үміт сыйлайтын, ынталандыратын тетік.

Судья сонымен бірге, сот процестің барлық сатысында формальді қателерді жоюға, түсініксіз сөздерді нақтылауға, әкімшілік істің мәні бойынша өтінішхаттарды беруге, толық емес деректерді толықтыруға, әкімшілік істің мән-жайларын толық айқындау мен объективті бағалау үшін маңызы бар барлық жазбаша түсініктемелерді беруге жәрдем көрсетуге міндетті. Ал әкімшілік процеске қатысушылар ұсынған дәлелдемелер жеткіліксіз болса, сот оларды өз бастамасы бойынша жинауға құқылы. Жария-құқықтық дауларды қарағанда бұл тетіктің де тиімділігі өте жоғары екенін көріп отырмыз.

Тіпті, бұрынғы заңның талабы бойынша дауға қатысты заңдарға сілтеме беріп, кәсіби тұрғыда дайындалған өтініштер ғана өндіріске қабылданып, қаралатын. Қазіргі заң құжаттардың толықтығын, заңға сілтеме жасай отырып жазылуын міндеттемейді. Арыз иесі өзінің шамасы келгенше арыз жазып, жолдай алады.

Осының бәрі жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қарапайым халық мүддесін ескере отырып дайындалғанын, мемлекеттік органдардың жауаптылығын арттырып, азаматтардың өз құқығын қорғау мүмкіндігін кеңейткенін көрсетеді.

**Нұрлыбек ҚОСАНОВ,**
**Қызылорда облыстық сотының судьясы**

АКЦИЯ



# ОРАЛДЫҚТАР «ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРЛЕРІНЕН» КЕҢЕС АЛДЫ

Республикалық кең ауқымды акцияны ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, «Параграф» ақпараттық жүйесі, мемлекеттік ұйымдар, сондай-ақ, Қазақстанның белгілі заңгерлері мен адвокаттары ұйымдастырды.

Орал қаласында Батыс Қазақстан облысының тұрғындарын қабылдауды 36 мемлекеттік органның басшысы, оның ішінде прокуратура, полиция департаменті, экология, денсаулық сақтау, білім басқармалары мен ведомство өкілдері жүзеге асырды. Сондай-ақ, акцияға 17 заңгер, адвокат, нотариустар белсенді түрде қатысты. Қазақстандық инновация және телекоммуникациялық жүйелер университетінің 12 студенті ерікті ретінде қызмет көрсетті. Акция барысында 160-тан астам азамат тегін заң көмегін алды.

Тұрғындар түрлі мәселелер бойынша жүгінді. Мысалы, халықтың несие бойынша қарызының көбейіп кетуіне байланысты жеке тұлғаларды сотпен банкрот деп тану рәсіміне қатысты сұрақтар көп болды. Кейбіреулер банкроттықты қарыздан, несие берушілерден құтылу тәсілі ретінде қабылдайды. Алайда, банкрот болудың өзіндік тәртібі бар және мұндай шешім азаматтар үшін тиімді болмауы мүмкін.

«Сот банкрот деп тану үшін тұрғылықты жері бойынша сотқа арыз беру керек. Банкроттық мерзімі 6 айға созылады және оны тағы алты айға ұзартуға болады. Талаптар: жеке тұлғалар алдындағы және өзге де борыштарды қоса алғанда, берешек 1 600 АЕК-тен жоғары немесе 5,5 миллион теңге болуы тиіс. Егер борышкердің тұрақты табысы болса және ол аз-аздан болса да қарызын өтеп тұрса, онда оған төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі қолданылуы мүмкін. Жалғыз талап – қарыз мөлшері қарыз алушыға тиесілі мүліктің құнынан аспауы керек», – деп түсіндірді БҚО МКД ақпараттық-түсіндіру жұмысы басқармасының басшысы Ж. Абдушев.

Облыстық Әділет департаменті басшысының орынбасары Бақтыгүл Ағылманова азаматтардың негізінен атқарушылық іс жүргізу, заңды тұлғаларды тіркеу және қайта тіркеу, азаматтық хал актілерін жазу мәселелері бойынша жүгінгенін атап өтті. Сонымен қатар, ол әрбір нақты жағдай бойынша толығырақ ақпарат алу үшін 1414 нөміріне бірыңғай Call-орталыққа немесе БҚО Әділет департаментіне жүгіне алатынын еске салды.

Айта кетейік, «Халық заңгері» акциясы Қазақстанда 2016 жылдан бері өткізіліп келеді. Бұл идеяны еліміздің бүкіл заңгер қауымы қолдады. Акция тез танымал болып, оны жыл сайын ірі қалаларда ғана емес, бүкіл елде өткізуге шешім қабылданды. Осы аралықта 150 мыңнан астам азамат тегін құқықтық көмек алды, олардың сұрағына 7 мыңнан астам заңгер мен мемлекеттік орган басшылары жауап берді.

**Айгүл АХМЕТОВА,**
**«Заң газеті»**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# АУЫЛДЫ ДАМЫТУ – АЛДАҒЫ КҮН ЕНШІСІНДЕ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын арттыруға бағытталған бұл іс – халыққа сапалы қызмет көрсету және тиісті объектілермен қамтамасыз ету деңгейін арттыруға байланысты мәселелерді шешуді көздейді. Онда әрбір елді мекеннің табиғи мүмкіндіктері мен бәсекелестік айырмашылықтарына сай минималды тұрмыс стандарттары айқындалған. Мемлекеттік органдар бұл жүйені өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлау кезінде пайдаланады. Парламент Мәжілісінде осы жұмыстың аяқ алысы мен алдағы даму барысы талқыланды. Жиында Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров баяндама жасады. Оның айтуынша, өңірлік стандарттар жүйесі сәйкес саладағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің негізгі құжаттарымен интеграцияланған. Мәселен, 2025 жылға дейінгі аумақтық даму жоспарында және Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасында еліміздің кеңістікте дамуы мен ауылдық аумақтарына қатысты өңірлік стандарттар жүйесінің тәсілдері көзделген. Сонымен қатар, оларды әзірленіп жатқан жаңа Бюджет кодексі шеңберінде бюджеттік жоспарлаумен байланыстыру мақсат етілді.

### Жұмыс жалғасуда, нәтиже қандай?

Жаңа өңірлік стандарттар жүйесінде тыныс-тіршіліктің әлеуметтік, инженерлік-көліктік, экологиялық және тұрмыстық салалар 12 бағыт бойынша құрылды. Сондай-ақ, елді мекендердің әрбір типі бойынша өңірлік стандарттар жүйесінің нысандар мен көрсетілетін қызметтер тізбесі кеңейтілді.

Бүгінгі таңда министрлік адамдардың өмір сүру сапасын арттыру және өңірлік стандарттар жүйесінің көрсеткіштерін жақсарту үшін түрлі бюджеттік бағдарламалар шеңберінде өңірлерді дамыту жұмысын жалғастыруда. Мәселен, 2023 жылы өңірлердің инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту үшін 14 облыс орталығында 67 бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыруға 42,1 млрд теңге бөлінді. Осы қаражат шеңберінде қала ішіндегі 60 шақырымға жуық жолдарды және 140 шақырым инженерлік желілерді жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Бұдан басқа, 29 моно және шағын қалаларда 74 жобаны жүзеге асыруға 34,9 млрд теңге бөлінді. Қалаішілік жолдардың 90 шақырымын және инженерлік желілердің 180 шақырымын жаңғырту жоспарлануда. Ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту үшін Министрлік «Ауыл – Ел бесігі» жобасын іске асыру жұмысын жүргізуде. 2023 жылы 1,8 мың жобаны іске асыруға шамамен 200 млрд теңге бөлінді, олар даму әлеуеті бар 800 ауылда жүзеге асырылуда.

Бұл қаражатқа тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығында 222 жоба, 421 әлеуметтік инфрақұрылым жобасы, сондай-ақ, 1 168 көлік инфрақұрылымы жобасы іске қосылды.

### Деңгейі жоғары ауыл статусы қашан салтанат құрады?

Министрлік 2027 жылға қарай қамтамасыз етілу деңгейі орташа барлық ауылдар «Өңірлік стандарттар жүйесінің талаптарына сәйкес қамтамасыз етілу деңгейі жоғары ауылдар» санатына жеткізіледі деп болжайды. Қуантыровтың айтуынша, жалпы, өңірлердің инфрақұрылымын дамытуға жеткілікті қаржы бөлінбек. Қазір азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін барлық орталық мемлекеттік органдар бойынша 2023–2025 жылдарға өңірлерді дамытуға 4,5 трлн теңге мөлшерінде нысаналы трансферттер көзделіпті.

Бүгінгі таңда өңірлік стандарттар жүйесі өңірлік диспропорциялардың себептерін анықтауға мүмкіндік беретін құжат болып табылады. Стандарттар тұрақты негізде уақытқа сай өзгеріп отырады. Осыған байланысты болашақта белгілі бір стандарттар әр өңірдің ерекшелігіне қарай қайта қаралуы, жетілдірілуі және іске асырылуы мүмкін.

### Өңірлік стандарттар қашан сапаға қызмет етеді?

Министрдің көп сөзі құлаққа жаққанымен, кейбір келтірген көрсеткіштері сендірмеді. Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы Нұртай Сабильянов келтірген деректерден түйгеніміз, өңірлік стандарттар әзірге сапаға қызмет етпей тұрған сияқты. Яғни, ондағы көрсетіштер өңірлердің қазіргі таңдағы даму деңгейіне сай емес. Атап айтқанда, елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесі халық санына байланысты объектілердің сандық көрсеткіштерін ғана қамтиды. Ал, сапалық көрсеткіштер ескерілмейді.

Сабильянов мырзаның айтуынша, уәкілетті органның мониторинг нәтижелері бойынша сандық көрсеткіштердің қамтамасыз етілу деңгейі 64,1 пайыз деген мәліметі шындыққа сай емес. Шын мәнінде 2021 жылдың қорытындысы бойынша Экономикалық зерттеулер институтының алдын ала есептеулеріне сәйкес объектілердің сапалық көрсеткіштерімен қоса есептегенде ауылдық елді мекендерді қамтамасыз ету деңгейі 44 пайыз болыпты. Осыған байланысты уәкілетті орган мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, елді мекендердің әр сала бойынша объектілермен қамтамасыз етілуінің сапалық көрсеткіштерін айқындау әдістемесін әзірлеуі қажет.

Сондай-ақ, ел игілігі үшін пайдаланылатын объектілермен және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету жөніндегі нақты ақпаратты (ашық деректерді) қамтитын ақпараттық базаны қалыптастыру керек.

Сабильянов мырзаның айтуынша, жобаларды қаржыландыруда да жүйелілік жоқ. Өңірлердің қаржылық дербестігін кеңейту мақсатында жекелеген нысаналы трансферттер республикалық бюджеттен бөлінетін қаражат автомобиль жолдарын күрделі жөндеу және денсаулық сақтау объектілерін материалдық жабдықтау үшін өңірлерді дамытуға берілді. Алдағы уақытта мектептер, ауылдық клубтар, медициналық пункттер, спорт залдары сияқты объектілерді жалпы сипаттағы трансферттер арқылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылып отыр. Сондықтан осы әлеуметтік маңызы бар объектілерге бөлінген бюджет қаражатының тиімді пайдаланылуына нақты бақылауды жасау және жоғары аудиторлық палатаға жергілікті бюджетті тексеру өкілеттілігін беру қажет.

Өңірлік стандарттар жүйесінің келесі кемшілігі – орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар арасында үйлестірілген іс-қимыл жоқ.

### Сапалы ауыз су жайы әлі де өзекті

Ал, бүгінгі таңда ауыл тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету жағдайы өзекті күйінде қалып отыр. Жоғары аудиторлық палата 2022 жылдың қорытындысы бойынша сумен жабдықтау жүйесі дұрыс жұмыс істемейтін, ауыз су сапасының төмендігін анықтады. Ел көлемінде мұндай мысалдар өте көп. Ақша бөлініп, жұмыстар жүргізілсе де, басты мақсат, яғни барлық тұрғындарды «таза ауызсумен қамтамасыз ету» міндеті орындалмады. Осыған орай, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, барлық ауылдық елді мекенді (үйлер бойынша) сумен жабдықтау жүйелерінің болуы және 100 пайыз жұмыс істеуі тұрғысынан толық түгендеу және тексеру жүргізуі қажет. Осыған ұқсас түгендеу мен тексеруді газбен жабдықтау саласында да жүргізу, сондай-ақ, газға қол жеткізе алмай отырған облыстарды, елді мекендерді газбен қамтамасыз ету ұсынылады. Мысалы, Абай, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарын газбен қамтамасыз ету маңызды.

### Ауыл мәселесінде алшақтық болмау керек

Ауыл мектептері мемлекет тарапынан ерекше назар аударылуын қажет етеді. Ауыл оқушыларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ауылдық және қалалық мектептер арасындағы материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету тұрғысынан алшақтықты жою өте маңызды. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің баяндамасындағы деректерге сәйкес әлі де республика мектептерінде орын тапшылығы байқалады, бұл шамамен 260 000 оқушы орнын құрайды. Балабақшаға кезекке тұру сақталып отыр.

Көптеген мектеп кәріз жүйелеріне, жоғары жылдамдықты интернет желілеріне (50%) қолжеткізе алмай отыр, спорт залдары (25%), асханалар (15%), кітапханалар (13%) және тағы басқалары жоқ. Осыған орай, аталған проблемалық мәселелерді мәслихат депутаттарының, әкімдердің және уәкілетті органдар өкілдерінің қатысуымен жергілікті жерлерде қоғамдық кеңестердің алаңдарында жедел түрде қарап, қорытындысы бойынша пәрменді шаралар қабылдау қажет.

Мемлекеттің экономикалық қажеттіліктерінен жол құрылысы мен көліктік даму қарқыны айтарлықтай артта қалып отыр. Ұлттық экономика министрлігі жүргізген мониторингтің алдын ала деректері бойынша республикада 2021 жылы қала ішіндегі және кент ішіндегі жолдардың 62,8 мың шақырымы (27%) қанағаттанғысыз жағдайда, ауылдардың жолдарында асфальт жоқ, қоғамдық көлікке деген қажеттілік сақталып отыр. Жергілікті жолдардың сапасыздығы ауылдық аумақтардың арасындағы байланыстың әлсіз болуына алып келеді және олардың экономикалық дамуына кедергі келтіреді. Адамдар қоғамдық көліктің қатты тозып кеткеніне шағым айтуда. Маршруттық желілер тиімсіз ұйымдастырылған, ауысып жүріп-тұру ыңғайлы емес, қоғамдық көліктің жұмыс уақыты шектеулі, қала шетіндегі ауылдарға бара бермейді. Осыған орай, уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар ерекше назар аударуы қажет. Тасымалдаушыларға берілетін субсидиялар халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға және жаңа автобустар алуға берілуі тиіс.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің деректері бойынша 1432 ауылда (халқының саны 250 адамнан аз) ғаламтор жоқ. 3G-ге қосылған 2046 ауылдық елді мекенде интернет байланысы тұрақсыз, ал кей кезде мүлдем болмайды. Сондықтан, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі әзірленіп жатқан «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасында барлық ауылдық елді мекенді жоғары жылдамдықтағы интернетке қол жеткізуге жауапты тұлғалар жұмылдырылуы қажет. Жалпы Ұлттық экономика министрлігі – мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп барлық сала бойынша объектілермен және қызметтермен қамтамасыз етілу деңгейі төмен өңірлерге жол карталарын әзірлесін. Мұндай жол карталары әрбір проблемалы елді мекен бойынша жасалуы тиіс.

**А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,**
**«Заң газеті»**

МАНИПУЛЯЦИЯ

# ЖҰРТТЫ АДАСТЫРУ АДАМДЫҚҚА ҚАЙШЫ

Жалған ақпарат пен жұртты адастыратын алдамшы журналистика алапат соғыстардың басы екенін тарих әлдеқашан дәлелдеген. Бұрыннан қалыптасқан бұл қауіп, дәлелденген теореманы бүгін әлеуметтік желілер күшейтті. Отқа май құйғандай ғып ақпараттарды алаулатып жалаулату әртүрлі келеңсіздіктердің басы болып отыр. Елде мұндай қоғамдық сананы манипуляциялау процесімен күрес күшейді. Ақпарат министрлігі замана сұранысынан кеш қала бастаған «ҚР БАҚ туралы» заңын қатайтты, таласты тұстарын жетілдіріп, жалған ақпаратқа жаза бар екенін ескертті.

Елдің үрейін еселейтін, адастыратын ақпараттар алайда мұнымен де азаймай тұр. Қазақстандық БАҚ кеңістігіне жалған ақпараттармен күресетін, оларды сүзгіден өткізетін фильтрдің қажет екені анық. Рейтинг, қаралым мәселесі отандық сайттардың да бағытын өзгертті. Қызметтік этика нормалары бұл мәселеге келгенде тағы да кейінге шегерілді. Жұлдыздардың өмірі мен өз араларындағы отбасылық драмаларын айтпағанның өзінде қазақстандық медиа қазір тұтастай бір ұлтты адастыратын, теріс ой туғызатын, үрейін еселейтін тексерілмеген еш негізсіз ақпараттарды бұрқ еткізуге үйір боп алды. Бұл үрдіс корановирустық пандемия кезінде сол вируспен қатар өршіді. Қаупі одан да қиын екенін әлі күнге дейін өршіп тұрған ақпараттардан аңғарасыз. Енді сондай ақпараттардың біразына тоқталайық. Мәселен, соңғы кездері жұрт арасында елді екіұшты ойға қалдырып, олардың медицина саласына деген наразылығын өршітетін «коронавирус кезінде салынған вакциналар зиян екен» – деген ақпарат тарады. Оны өршіткен де отандық медиа. Алайда, factcheck.kz/kaz/ сайтында сайт журналисі Думан Терликбаевтың «ДДСҰ COVID-19 вакцинасының зиян екенін мойындады ма?» – деген сараптамасы жарық көрді, ақпараттың рас-өтірігін анықтаған журналист:

«ДДСҰ вакцинаны зиян деп танымаған. Ал COVID-19 вакцинасы бойынша ұсыныстар қазіргі эпидемиологиялық жағдайға байланысты өзгертілген. Қазір инфекция жұқтыруға, вакцина салуға байланысты халықтың көбінде иммунитет қалыптасқан. Біз тексерген хабарламаларда сол өзгерістердің мәні дұрыс түсіндірілмеген.

ДДСҰ вакцинаның қауіпсіз екенін айтады» – деп жазды. Бұл ақпаратты әрине дамыған дәстүрлі медицинаға сүйенетін кез келген медицина маманы дәлелдеп бере алады. Сол себепті де жартылай діни фанатизм мен жартылай шаласауатты қоғам пікіріне ұйитын көпшіліктің қорқынышын еселеуді қоғамдық ой сананы манипуляциялау деп атайды.

Бұдан бөлек, бүкіл әлеуметтік желі мен сайт, өзге де ақпараттық парақшаларда «Тәліптер Иранға соғыс ашыпты» деген мәлімет тарады. Негізсіз, анықталмаған дереккөздерінсіз берілген кез келген дүние халықтың әлеуметтік көңіл күйіне бірден әсер етеді. Рас, әлемнен қазір тыныштық кеткен. Соғысып жатқан, соғысуға ниетті елдер бар. Осындай беймаза шақта жұрттың үрейін еселеуді тек қана қаралым жинау жолындағы жанталасқа жатқызуға болады. Өзара шекаралас елдердің арасында шағын қақтығыстар шекаралық аймақтарда аракідік болып тұратын құбылыс. Ол ежелден бар. Ал мұндай кикілжіңдерді бүгінгі дамыған ақпараттық кеңістікті зорайтып беріп, жұрт бойындағы қорқынышты еселеу кәсібилікке сын.

Сондай-ақ, қазақстандық медиа кеңістігінде этикадан асып кететін тағы бір өзекті тақырып бар, ол дін мәселесі. Дін арқылы өзге бір діни наным-сенімдегі азаматты мұқату немесе одан өзін артық қою, өзінің діни ұстанымын өзгелерге таңу, мен ойлағандай сен неге ойламайсың деп айыптау, жазалау, тіпті сырттай үкім кесу бүгінгі әлеуметтік желі, жеке пабликтердің «жанын кіргізетін» тақырыпқа айналды. Халықтың әлеуметтік мәселелері мен саяси сахнада қабылданып жатқан заңдардан гөрі осы тақырып өтімді, осы тақырып оқылымды. Өз өміріне тікелей әсер ететін ел заңдарын талқылаудан гөрі әлеуметтік желілердегі дін тақырыбындағы посттарға комент жазып, қызыл кеңірдек болу әлдеқайда өзекті. Бұл үрдіс қашан, қалай ауыздықталатыны тағы белгісіз.

Журналистика сот емес, жазалаушы орган да, атқарушы орган да емес. Біреуге мадақ айтатын, одалар жазып, көпіртіп көпшік қоятын көкезу кәсіп те емес. Журналистика әділетті, бейтарап көзқарас ұстанушы. Ақпаратты сол қалпында дереккөздері арқылы тексере отырып жеткізуші. Әділетті таразы болмай, ашық талқыға түспей, ақиқатын айтпай журналистикамен айналысып жүрмін деу артық. Орындаушы функциясынан шығатын кез әлдеқашан келді. Қарапайым көпшіліктің сауаты артты, талғамы өсті. Ендігі жерде жұртты адастыратын ақпаратпен айналысу қолына қалам ұстаған кез келгеннің өз арына сын.

**Жадыра ҚҰРМАНБАЙ**

ИГІ ІС

# ӘР БАЛА БАҚЫТТЫ БОЛУҒА ЛАЙЫҚ



Әр бала мемлекеттің басты байлығы, болашағы болғандықтан балаға деген қамқорлықтың басты орында тұрары түсінікті. Отбасында әкенің мейірімін, анасының шапағатын көріп өскен ұл-қыздың өмірге өкпесі жоқ. Ал енді, ата-анасынан ерте айырылған, туғанына керек болмай тастанды атанған бүлдіршіндер үнемі қолдауға, жылы сөзге зәру. Туған шаңырағында тәрбиеленбесе де, отбасының маңызын, қамқорлықтың мәнін түсініп өсуі үшін мұндай балаларға барлық жағдай жасалады. Әрине, қандай көмек берсе де ешкім әке-шешенің орнын алмастыра алмайтыны рас. Дегенмен, аялы алақанды сезініп, өзіне деген сүйіспеншілікті байқаған баланың бойында сенім мен үміт ұялары анық. Соған орай Орал қалалық сотының ұжымы «Балалар ауылындағы» №9 үйдің тәрбиеленушілеріне арнайы барып, кездесу өткізді.

Аталған кездесуде сот төрағасы Р.Жұмағұлов балалармен бірге «Best» шығармашылық орталығында болды. Орталық балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыруды көздейді. Сондықтан шара барысында балалар өз қабілет-қарымын көрсетіп, түрлі картиналар салды. Сот төрағасы Р.Жұмағұлов сурет салуға бар ынтасымен кіріскен балаларға сот жұмысы туралы әңгімелеп, мамандық таңдаудың қыр-сырымен бөлісті.

Шара соңында оларға сыйлықтар табысталып, мерекелік дастарқан жайылды. Кездесу барысында орталықтың тәрбиешісі мен «Балалар ауылының» бір т оп бүлдіршіні өздеріне қамқорлық танытып, көңіл бөлгені үшін сот ұжымына алғыстарын білдірді.

Балаларды қорғау күні – балалардың көңілін көтеру ғана емес, барлық балалардың бақытты болып, жақсы оқып, сүйікті ісімен айналысуына жағдай жасау. Сонымен бірге бұл күн балалардың болашақта өз елінің саналы, адал азаматы болуы үшін олардың құқығын қорғау қажеттілігін қоғамға ескерту, жетім қалған балаларға қуаныш сыйлау мүмкіндігі деп түсінгеніміз жөн.

**Алмаз ӘСЕНҒАЗЫ**
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

# АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ МЕН МІНДЕТІ

**Тараптар – сотта субъективтік құқықтары немесе заңмен қорғалатын жеке мүддесі туралы даулары қаралып және шешілуге тиіс іскe қатысушы тұлғалар.**



**Лаура АЛИБЕКОВА, Қызылорда қалалық сотының судьясы**

Азаматтық іс жүргізудегі тараптарға – талап қоюшы (талап қоюшылар) және жауапкер (жауапкерлер) жатады.

Талап қоюшылар – өздерінің бұзылған немесе даулы құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғап талап қою берген немесе осы кодексте көзделген тәртіппен өзге де тұлғалар оларды қорғап талап қою берген азаматтар мен заңды тұлғалар талап қоюшылар, ал өздеріне талап қою берілген азаматтар мен заңды тұлғалар жауапкерлер болып саналады. Заңда көзделген жағдайларда, заңды тұлғалар болып табылмайтын ұйымдар да, мемлекет те тараптар болуы мүмкін.

Бұл жерде азаматтар қатарына ҚР-ның азаматымен қатар шетел азаматы және азаматтығы жоқ адам жатады. Сотта тарап ретінде танылу үшін оның жеке басы айқындалып, құқық қабілеттігі анықталуы аса маңызды.

Азаматтық іс жүргізу құқық қабілеттігі – азаматтық іс жүргізу құқықтары мен міндеттеріне ие болу қабілеттілігі, материалдық құқық субъектілері болып табылатын барлық азаматтар мен ұйымдар үшін бірдей дәрежеде танылады. Азаматтарға азаматтық процестік құқық қабілеттері туғаннан беріліп, өлгенде ғана тоқтатылады.

Ал, азаматтық іс жүргізу әрекет қабілеттілігі – сотта құқықтарын өз іс-әрекетімен жүзеге асыру және міндеттерін орындау, іс жүргізуді өкілге тапсыру. Заңды тұлғаның азаматтық іс жүргізу құқық қабілеттігі мен әрекет қабілеттігі мемлекеттік тіркеуден өткен кезде және оны куәландыратын сәйкесті құжат болғанда басталады. Азаматтардың іс жүргізу әрекет қабілеттілігі толық көлемде 18 жасқа толғаннан кейін ғана басталады. 16 жасқа толған ата-анасының рұқсатымен үйленген немесе шарт бойынша кәсіпкерлік іс-әрекетпен айналысатын болса, ол толық азаматтық іс жүргізу әрекетіне қабілеті бар деп танылады.

Егер 14-18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың, сондай-ақ, әрекет қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сотта олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері қорғайтындығын ескерген жөн.

Азаматтық іс жүргізуде талап қоюшы немесе жауапкер болсын, қандай да бір тараптар процестік құқықтары тең иеленеді және олардың бірдей процестік міндеттері болады.

ҚР Азаматтық процестік кодексінің 46-бабында тараптардың құқықтары мен міндеттері айқын көрсетілген. Тараптардың іс материалдарымен танысуға, олардан үзінді көшірмелер жазып алуға және көшірмесін түсіруге; қарсылықтарын мәлімдеуге; дәлелдемелерді табыс етуге және оларды зерттеуге қатысуға; іске қатысатын басқа да тұлғаларға, куәларға, сарапшылар мен мамандарға сұрақтар қоюға; өтінішхаттар, оның ішінде талап қоюды қамтамасыз ету бойынша шаралар қолдану туралы, дәлелдемелерді қамтамасыз ету бойынша, қосымша дәлелдемелерді талап ету туралы, татуластыру рәсімдерін қолдану туралы өтінішхаттар беруге; сотқа ауызша және жазбаша түсініктемелер беруге; сот процесі барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз дәлелдерін келтіруге; іске қатысатын басқа да адамдардың өтінішхаттары мен дәлелдеріне қарсы болуға; сот жарыссөздеріне қатысуға; сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған жазбаша ескертпелер беруге; соттың шешімдеріне, ұйғарымдары мен қаулыларына шағым жасауға; ҚР азаматтық сот ісін жүргізу туралы заңнамасында берілген басқа да процестік құқықтарды пайдалануға құқылы.

Сондай-ақ, тараптар басқа адамдардың құқықтарын теріс пайдаланбай, олардың мүдделерін бұзбай, өздеріне тиесілі барлық процестік құқықтарды адал пайдалануға тиіс және істерді қарау мен шешу мерзімдерін қасақана созып жіберуге жол бермеуге, істің нақтылы мән-жайлары туралы сотқа толық әрі шынайы түрде мәлімдеуге, сөз сөйлеуге немесе сотқа екінші тарап растаған фактілерді теріске шығаратын жазбаша құжаттар ұсынуға міндетті.

Сонымен қатар, аталған бапта корпоративтік дауға қатысатын тараптар әрбір нақты құжатты көрсетпестен, бір-бірінен және куәлардан іс үшін маңызы бар құжаттарды сұратуға құқылы екендігі көрсетілген.

Жалпы алғанда, осы аталған құқықтар мен міндеттер тараптардан өзге сотқа қатысушыларға да тиесілі болып табылады.

Одан өзге кодексте тек қана тараптарға тиесілі арнайы құқықтар да қарастырылған. Олардың қатарына – талап қоюшы талаптың негіздемесін немесе нысанасын өзгертуге, талап қою талабының мөлшерін ұлғайтуға не азайтуға немесе талап қоюдан бас тартуға құқылы. Ал жауапкер талапты толық не жартылай тануға немесе мүлдем мойындамауға құқылы. Сондай-ақ, тараптар татуласу келісімімен немесе дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеуге не дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісіммен аяқтауға да құқылы.

Осы ретте сот өз бастамасы бойынша талап қою нысанасын немесе негізін өзгертуге құқылы емес екенін, алайда бұл әрекеттер заңға қайшы келсе немесе біреудің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзса, сот талап қоюшының талап қоюдан бас тартуын, жауапкердің талап қоюды тануын қабылдамайды және тараптардың татуласу келісімін немесе тараптардың дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімін не дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімін бекітпейтінін ұғынған жөн.

Азаматтық іс жүргізу талап қоюшының арнайы құқықтарының біріне – тиісті емес жауапкерді ауыстыру мәселесі де жатады.

Істі бірінші сатыдағы сотта мәні бойынша қарау басталғанға дейін жауапкерді ауыстыруға жол беріледі. Сот талап қою бойынша жауап беруге тиісті емес тұлғаға талап қою беріліп отырғанын анықтап, істі тоқтатпай, талап қоюшының өтінішхаты бойынша тиісті емес жауапкерді тиісті жауапкермен ауыстыра алады. Тиісті емес жауапкерді ауыстырғаннан кейін істі дайындау және оны сот отырысында қарау басынан бастап жүргізіледі. Істі қарау мерзімі істі сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап есептеледі. Ал егер талап қоюшы тиісті емес жауапкерді тиісті жауапкермен ауыстыруға келіспесе, сот істі берілген талап қою бойынша қарайды және шешеді.

Азаматтық іс жүргізу барысында тараптардың бірі қайтыс болса, заңды тұлға қайта ұйымдастырылса, таратылса, талапты басқаға берсе, борышты аудару және даулы материалдық құқықтық қатынастардағы тұлғалардың басқа да ауысу жағдайларында тараптардың біреуі шығып қалса, онда сот сол тарапты оның құқық мирасқорымен ауыстыруға жол береді. Құқық мирасқоры процеске кіріскенге дейін жасалған барлық әрекеттер құқық мирасқорын ауыстырған тұлға үшін қаншалықты міндетті болса, құқық мирасқоры үшін сондай шамада міндетті болады.

Қорыта айтқанда әрбір тарап – азаматтық іс жүргізудің негізгі элементтері болып табылады. Сондықтан әр тарап өзінің құқықтарын адал пайдаланып, міндеттерін толық көлемде орындайтын болса – дау тез әрі қос тарапқа да тиімді болатыны сөзсіз.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ОРТАҚ МҮДДЕ

**Ата-ананың бала алдындағы алименттік берешегі адами тұрғыда да, заңдық тұрғыда да өтелуге тиіс борыш. Алайда, бүгінгі таңда осы жауапкершіліктен қашып жүрген әке көп. Баланың еңбекке қабілетсіз топ өкілі екендігі айтпаса да түсінікті. Ендеше, оның қалыпты азамат болып өсуіне, толыққанды білім мен өмірлік қажеттілігіне керек қаражатпен қамтамасыз етілуіне ата-ана, оның ішінде әке жауапты. Статистикалық деректер борышкерлер санының күн санап артып келе жатқанын көрсетеді. Бұл ел қорғаны болар азаматтарға сын.**

# АЛИМЕНТ ТӨЛЕУ - АРДЫҢ ІСІ

Өз өндірісімдегі мысалдар бойынша айтсам, жыл басынан бері 718 атқару өндірісі орындауымда болды. Оның 24-і толығымен орындалып, атқару өндірісінен қысқартылды. 37 іс өндіріп алушының арызы бойынша орындаусыз кері қайтарылды. Қазіргі уақытта орындауымызда 653 атқару өндірісі бар, оның 440 іс бойынша борышкерлердің жұмыс орындарына хабарлама жіберілді. 213 іс бойынша ол азаматтарға заңмен қарастырылған шектеулер қойылды, осы бағытта көптеген жұмыстар жүргізіліп жатыр. Панфилов ауданындағы істерді орындау барысында сот орындаушының талаптарын орындамаған үшін 5 борышкер 669-бап негізінде әкімшілік жазаға тартылды. Одан өзге 6 борышкердің жүргізуші куәлігі шектелді. Панфилов аудандық прокуратурасының ұсынысын орындау барысында 7 атқару өндірісі бойынша 16 365 181 теңге қарыз берешегі өндірілді. Жыл басынан бері өндірілген ақша көлемі 40 млн теңге. Бір адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Қазіргі таңда алименттік берешек арқалап жүрген осындай отбасы көп. Жеке сот орындаушылары осы ретте сот шешімі негізінде елеулі жұмыстар атқарып жүр. Ана мен баланың бұзылған құқығын қалпына келтіріп, қоғамдағы әлсіз топ саналатын балалардың аланғсыз болашағы үшін тынымсыз еңбек етуде. Мемлекет бұл мәселенің бәрін заң шеңберіне тоғыстырып, отбасылық даулар мен алимент міндеттемелерін әділетті шешудің жолдарын қарастырды.

Елдегі алименттік міндеттемелерді былайша жіктеді және олардың әрқайсысын даралап көрсетті. Бұл мәселе сонымен, ата-аналардың балаларға қатысты алименттік міндеттемелері; балалардың ата-аналарға қатысты алименттік міндеттемелері; ерлі-зайыптылардың және бұрынғы жұбайлардың алименттік міндеттемелері; кәмелетке толған ағалары мен қарындастарының, әжелері мен аталарының алименттік міндеттемелері деген категорияларға топтастырылды.

Бұл жіктемелердің барлығы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексіне» сәйкес атқарылады.

Осы ретте біз баланы асырау – ата-анасының заңмен бекітілген міндеті деп қарастырамыз. Перзент, сәби мәселесі алдыңғы кезекке шыққан тұста ата-анасының некеде болуы, азаматтық некеде немесе ажырасқан болуы да мүлде рөл ойнамайды. Бұл жерде қамқорлыққа мұқтаж баланың ғана құқығы мен қақысы алдыңғы орынға шығады. Кәмелетке толмаған өз балаларын асырауға міндетті, осы асыраудың тәртібі мен шарттарын ата-



**Максат САХМЕТОВ, Жетісу облысының жеке сот орындаушысы**

аналардың өздері анықтайды. Сот кәмелетке толмаған балалардың кіммен тұратынын, балалары мен еңбекке жарамсыз жұбайын асыраудың алименттік жауапкершілігін, ол алименттердің мөлшерін, мүлікті бөлу мәселелерін шешеді. Берешек мөлшері мен оны төлеу тәртібін де сот анықтайды. Бүгінгі практикада көп ретте осы тәртіп бұзылып, жеке сот орындаушылары осы заңдылықтың жүзеге асуын талап етуге кіріседі. Дер кезінде белгіленген мөлшермен перзентіне алиментін төлеп тұрудың орнына тепсе темір үзетін ер-азаматтар табысын жасырып, мүлкін өзге біреудің атына аударып, барынша жауапкершіліктен құтылып кетуге ұмтылады. Бұл заңмен де, арман де бұзылмауға тиіс заңдылық.

КЕЛБЕТ

# АДАЛ ҚЫЗМЕТ АБЫРОЙҒА БӨЛЕЙДІ

**Жанат Меңдібаев заңгер болуды мектепте оқып жүргенде геометрияның кезекті тапсырмаларын шешіп жүрген кезде армандапты. Жылдар өткен соң Жанат Рахымұлы есептерді емес, күрделі оқиғаларды құқықтық аланда шешуді жалғастырды. Құқық негіздері бойынша алғашқы сабақтар жас жігіттің өз мақсатына жетуіне көмектесті. Балқаштық оқушы еш ойланбастан заңгерлік мамандығына қабылдау емтихандарына дайындала бастады.**



Алматы қаласындағы жас кадрлар ұстаханасына Жанат Рахымұлы бір пакетпен және үлкен амбициямен келді. Болашақ студенттің батылдығы комиссия төрағасы, атақты профессорға бірден ұнады.

Студенттік жылдар әдеттегі кештермен, сессиялар арасындағы практикалық жұмыстармен өтті. Дәл осы жерде ол өмірлік достар тапты. Ол мемлекеттік заңгерлік университетін үздік бітіріп, сол үшін Әділет министрінен сыйға атаулы сағат алды.

Біраз уақыттан кейін Ж. Меңдібаев Қарағанды облысының ең үлкен округтерінің бірі Нұра аудандық сотының төрағасы лауазымы фемиданың жас қызметшісі үшін маңызды саналды. Ол баға жетпес тәжірибе жинақтап қана қоймай, болашақ мансап сатысымен өрлеуге мүмкіндік алды, бұл салада ол өзін ең алдымен, адам ретінде көрсетті. Көптеген ауыл тұрғындары әлі күнге дейін оның әділ шешімдерін еске алады. Ол қылмыстық және азаматтық істерді мұқият зерттеп, түсініп қарайды, соның арқасында жазықсыз сотталғандар бостандыққа шықты, ал қылмыскерлер лайықты жазаларын алды. Оның бойындағы әділеттілігі, ең алдымен, сыбайлас жемқорлыққа және «непотизмге» қарсы қару болды.

Жас әрі әділ заңгер ретіндегі өрлеу кезеңі 37 жасындағы Солтүстік Қазақстан облыстық сотын басқару жылдары болды. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі алғашқы жылдары Жанат Рахымұлы процестер мен сессияларды мемлекеттік тілде жүргізу тәжірибесін енгізе бастады. Халықтың тек 9% қазақ тілінде сөйлейтін аймақта мұны жасау оңай болған жоқ. Ол судьяның беделін көтерді. Жанат Рахымұлы судья беделін ісімен, азаматтық ұстанымымен көтерді.

Ж. Меңдібаев алғашқылардың бірі болып тікелей интерактивті, баспасөзбен байланыс орнатты. Алғашқы осындай конференциялар отырыс залында өтті, онда жергілікті телеарналардың камералары мен корреспонденттердің диктофондары сот процестерінің жұмысын үздіксіз түсіріп отырды. Осыдан кейін қызметкерлер журналистердің сұрақтарына жауап берді. Кейінірек бұл тәжірибені басқа соттар сәтті қабылдады.

Жанат Рахымұлы Октябрь аудандық сотында зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмыс істеді. Ол керемет заңгер ғана емес, сонымен қатар компанияның жаны болды. Оның әзілдері аңызға айналды. Жанат Рахымұлы әрқашан адал дос бола білді

Жанат Рахымұлы Меңдібаев сауатты заңгер, судья ғана емес, сондай-ақ тамаша отағасы, сүйікті жар, қамқор әке ретінде де ел есінде қалды.

**Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы сотының баспасөз қызметі**

№42 (3573)
9 маусым 2023
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті





*Жандос НҰРБЕКОВ, «NOMAD» этно орталығының жетекшісі:*

# «ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ҰТЫМДЫ ҚОЛДАНАТЫН КЕЗ КЕЛДІ»

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Соның нәтижесінде «Номадты» тек Қазақстан ғана емес, көршілес елдердің де ешбірінде жоқ бірегей этно орталыққа айналдыра алдық. Бұл біздің соңғы 5 жылдағы ең үлкен жетістігіміз. Қазіргі таңда қонақтарымыз қазақтың ұлттық асханасындағы тағамдарды көріп қана қоймай, олардың дайындалу жолымен жан-жақты танысып, оны өзі де жасауды үйренеді. Сондай-ақ, көшпенділердің қару-жарағымен танысып, атқа мінуге және табиғат аясында серуендеуге, ат спорты ойындарын тамашалап, садақ атуына мүмкіндік жасалған.

**– Қонақтарыңыздың арасында шетелдіктер көп пе?**

– Орталықтың жұмысы 2018 жылдан бастап жандана бастады. 2019 жылы Қытайдан басталып, 2020–2021 жылдары бүкіл әлемді шарпыған коронавирус індеті кезінде шетелден келетін саяхатшылар саны күрт қысқарған еді. Былтырдан бастап олардың үлесі қайта көтеріліп келе жатыр. Шетелдік саяхатшылар негізінен еліміз визасыз қарым-қатынас орнатқан елдерден келеді. Сондықтан мынау басым деп айта алмаймын. Өйткені, бізде қонақ болғандардың арасында бір емес, бірнеше рет болғандар аз емес. Тіпті, кейбірі отбасымен, достарымен жыл сайын арнайы іздеп келуді әдетке айналдырды. Мұнда олар өзінің кітаптан, интернеттен оқып, түрлі деректі және көркем фильмдерден көргенін шынайы өмірде, нақты практикада тексере алады.

**– Бұл қалай?**

– Жапондықтар топ болып келген кезде орталыққа тұтас бір күнін арнайды. Мұнда басқа ешкім кірмесін, өзіміз асықпай көріп, суретке және видеоға түсірейік деп территорияны толық жалдап алады. Олар әсіресе, біздің жігіттердің атпен шауып бара жатып садақпен нысанаға дәл тигізетініне қатты таңғалады. Атқа мінгенмен, біздің жігіттердей шаба алмайды. Оларға «Бізге неге таңғаласыңдар, сендердің самұрайларың да осылай атпен шауып, садақ атты ғой» дедім. Сонда «сіз біздің самұрайлармен салыстырмаңыз. Самұрайлар мынандай, біз мынандаймыз» деп қолымен аспан мен жерді көрсетті. Сөздеріне қарағанда, самұрай – әскери элита. Жапонияда атқа тек қана жағдайы бар ақсүйектер (дворяндар) мінген. Егер біреу атпен жүрсе бұл оның жай адам еместігін көрсететін белгі саналған. Кейін олардың сөзін біздің жігіттерге аударып беріп, біздің ата-бабаларымыздың бәрі әскери элита болды деп айттым. Өйткені Азиядағы Қытай, Иран, Үндістан мен Еуропадағы елдердің бәрінде әскердің негізгі бөлігін жаяу әскер құраған.

**– Жапондардың сенімімен қарағанда бүкіл қазақтарды ақсүйек деп айтуға болады ғой. Олардың қандай ерекшеліктері бар?**

– Ақсүйек жер өңдеумен айналыспайды. Жер қазбайды, егін екпейді, тек қана әскери өнермен айналысады. Соғыс кезінде жорыққа шығады не біреулер шабуыл жасаса елді қорғайды. Оның негізгі жұмысы – соғыс.

Тарихқа қарайтын болсақ, біздің ата-бабаларымыздың бәрі соғысқан. Онда ешкім ешкімге сен соғысқа бармайсың, соғыспайсың деп айтуға болмайды. Шақырса бәрі барып, соғыса береді. Жорықтағы олжаны тең бөледі. Онда ешкімге, ешқандай шектеу жоқ.

Сосын Жапонияда тек ақсүйектердің ғана шежіресі, тектік таңбасы, ұраны болған. Бізде бәрінің өз шежіресі бар. Әрқайсысы өзінің жеті атасын біледі. Бізде әр рудың өз таңбасы, ұраны бар. Олардың көп фамилиялары біздің ата-бабаларымызбен байланысты.

**– Кәріс пен жапонның тарихи киноларын көрген кезде қару-жарағының ғана емес, сауыт-саймандарының да көшпенділерге қатты ұқсастығын аңғару қиын емес.**

– Оны дұрыс байқағансыз. Кәрістерге де, жапондарға да олар біздеи барған. Жапондар оны Құбылай әскер жібергенде XIII ғасырда бірінші рет көрді. Ал кәрістер манжурлар, жужундармен туысқан халық. Хунну-лардың кезінен бастап көшпенділермен қарым-қатынас жасаған. Жапондардың сауыт-саймандары біздің көне түркілердің сауыт-саймандары ғой. Ол біздің заманымызға дейінгі кезеңнен келе жатыр. Бірінші сақтарда, скифтерде, парфяндарда болған. Қаңлылардан бастап жапсырмалары көріп жатырмыз. Көне түркілерде толықтай жапсырмалы сауыт-сайман болды.

**– Қазақстанда көшпенділердің жерлеу рәсіміне қатысты 2 мәселе бар деген едіңіз бір сөзіңізде. Соны таратып айтып берсеңіз.**

– Біріншісі, сақтарға қатысты. Көп жағдайда оларды парсы тілді халық деп айтады. Оған біздің ғалымдар әлі күнге дейін толымды жауап бере алмауда. Жалпыға қолжетімді дерек көздердің бәрінде парсылардың қола дәуіріндегі жерлеу орны деп іздесеңіз ешқандай мәлімет таппайсыз. Өйткені, біздің дәуірімізге дейінгі 1-2 мыңжылдықтан бастап оларда зороастризм діні болды. Онда өлік кір нәрсе деп саналады. Су, от, жер киелі дейді. Кір нәрсені жерге көмуге болмайды, суға ағызуға болмайды, өртеуге болмайды. Олар қайтыс болған адамдардың денесін биік тауға апарып, тастың үстіне қояды құстар жеу үшін. Кейін адам көбейген соң дахмаларды салған. Бұл үсті жабылған 6 метрлік домалақ ғимараттар. Онда тесік болады. Шатырға қойған өліктің етін құстар жеп, сүйектері әбден тазаланғанда оларды тесікке тастайды. Сосын Иран территориясындағы қорғандық жерлеу деп іздесек. Ол тек Луған даласында ғана бар екенін байқауға болады. Бұл әзірбайжандар тұратын жер. Ол көне заманнан бастап скиф, сақтардың территориясы. Біздің заманымызға дейінгі V ғасырда Скиф онда мемлекет болған. Олар Египетке дейін соғысып баратын. Парсылардағы қорғандық жерлеудің бәрі біздегі сақ, үйсін қорғандары сияқты.

Сақтарды біздің оқулықтарда кемітіп көрсетеді. Сақ тайпалары сарматтардың кезінде Паннонияға дейін мекендейтін. Ол Австрияның тегіс жерлері. Бұл Еуропаның ортасы. Сақтардың шекарасының шеткі нүктелерінің бірі Волга мен Каманың қосылған жері, қазіргі Қазан тұрған жер. Шамамен, екінші нүктесі Тобыл-Ертіс қосылған жері, ол оңтүстік Сібір.

Екіншісі, моңғолға қатысты. Орыс, неміс және өзге де еуропалық ғалымдар біздің тарихты моңғолдарға беріп қойды. Ғылыми еңбектерде моңғол империясы, татар-манғол шапқыншылығы деп жазылып жүргені сондықтан. Қазіргі қазақ пен моңғол киіз үйінің айырмасын көп адам білмейді. Кереге мен шаңырақ қана ұқсас. Қалғаны басқаша. Бізге келген балалардан қайсысы бұрын пайда болды десем, моңғолдікі. Өйткені, моңғол мемлекеті қазақ мемлекетінен бұрын пайда болған дейді. Қай моңғол мемлекетін айтасыздар десем Шыңғыс хан құрған дейді. Олар Шыңғыс ханды моңғол деп, оның жорықтарын моңғол шапқыншылығы дейді.

**– Кейбір зерттеушілердің көне дерек көздерінде моңғол деген сөз жоқ. Ол көптеген архив құжаттарына кейін қосылған дегені рас па?**

–1213 жылы Грузияның Тамара деген патшасы Рим папасына хат жазады. Біз христьян халықпыз, келесі Крест жорығына бізді де шақырыңдар, біз де көмектесейік деп. Сосын ол өліп қалады. Сүбедей мен Жебе 1221-22 жылдары Грузияға шабуыл жасап, үш рет оның әскерін талқандап тастайды. Тамараның ұлы 4-Георгий деген патша үшінші соғыста өліп, қарындасы Русудан патша болады. Сол кезде Рим папасынан «5-жорықты бастайық деп жатырмыз, қосылыңдар» деген хат келеді. Русудан оларға «біз барғымыз келген, бірақ татарлар келіп әскерімізді қырып тастады, бара алмаймыз» деп жауап жазады. Онда татар деп анық жазған. Моңғол деген сөз жоқ.

Сүбедей мен Жебе Қыпшақ даласына келіп қыпшақтар мен орыстардың біріккен әскерін Калькада талқандайды ғой. Киев жазбаларында ол туралы «Даладан біз білетін татарлар да, печенектер де емес, мүлде басқалар келді» деп жазылған. Сонда олар печенектерді біледі, татарларды біледі. Алайда онда да моңғол деген сөз жоқ. Татишев деген орыс ғалымы Елизавета Петровнаның кезінде 1740–1750 жылдары сол жылнаманы «не то татари, не то печенезы, не то монги» деп түзейді. Қытайды, Үндістанды, Иранды ғана емес, Арабия мен Еуропа елдерін Австрияға дейін біздің дәуірімізге дейінгі V ғасырдан бастап көшпенділер басқарып келді ғой. Сондықтан біздің тарихымызды әсіресе, еуропалықтар бұрмалап, XVIII ғасырда моңғолдарды ойдан шығарып жатыр. Мысалы Людовиктің елшісі Рубрук Меңгу қағанға бара жатқанда Жошы ұлысы арқылы өтіп, Қарақорымға кетті. Оның жазбаларында да бір де бір моңғол деген сөз жоқ.

**– Сонда татар деген кім?**

– Біз түркі тілдеспіз деп айтамыз ғой. Татар сол кездегі түркі тілдестердің жалпы атауы болған. Көне карталарда сондықтан олар тұратын жердің бәрі Татария деп жазылып тұр. Яғни, Киевтен бері қарайғы жердің бәрі Татария деп жазылған.

**– Қазақ киіз үйі мен моңғол киіз үйінің айырмасын да айта кетсеңіз?**

– Біздің киіз үйде уық майысқан. Моңғолдарда тік. Моңғол киіз үйінде шаңырақты екі тіреуіш ұстап тұрады. Бізде ондай жоқ. Өйткені, олардың уықтары тік. Майысып тұрған жоқ. Майысып тұрғаны жел мен қары ғана емес, шаңырақтың да салмағын уық ұстап тұрады. Керегеге тік келіп тұрған соң сынбайды. Моңғолдарда сынып кетеді. Сондықтан олар шаңыраққа тіреу бағанасын қояды. Менің ойымша, моңғолдар далаға Тайгадан, орманнан келді. Орманда шалаш үйлерде тұрған. Далаға шыққан соң керегемен ыңғайлы екенін көріп, өзінің шалашының үстіне шаңырақты қойып қойған. Ол құлап қалатын болған соң тіреу бағанасын қояды. Ғалымдар енді осы тұжырымды дәлелдеуі керек деп ойлаймын. Ол негізсіз емес. Өйткені моңғолдардың орманнан далаға шыққаны XIII ғасырда ғана.

**– Шыңғыс хан құрған империялық құрамында болған түркі тайпаларына қатысты дауға да әлі нүкте қойылмай келе жатыр ғой?**

– Оны айтып жүрген негізінен орыс тарихшылары. Шыңғыс ханның жорықтарына қатысқан найман, меркіт, татар, қоңырат, жалайыр, керей және тағы басқаларды олар моңғол тайпалары дейді. Қазір қазақтың жартысын құрап отырған бұл тайпаларды олар кейін ғана түркіленген деп жүр. Мысалы Бабыр 12 мың әскерімен Үндістанды бағындырған соң оларға сіңіп, үнділенді. Тарихшылар айтып жатыр ғой Шыңғыс ханның айналасында найман, жалайыр, керейдің бәрін қосқанда шамамен 800 мың халық болған. Ал Қыпшақ даласында 500-600 мың адам тұрған дейді. Сонда олар қалай мұнда түркіленеді. Қазір ғалымдар Алтай тілдер тобына моңғол, түркі, манжур тілдерін кіргізеді. Оны да әлі зерттеу керек. Бірде біздің этно орталыққа Мәскеуден бір топ турист келді. Қазақ хандығы қашан құрылғанын білесіздер ме? Ол XV ғасырда, дәлірек айтқанда 1456 жылы құрылды. Ал сіздер келіп отырған Мәскеу княздығы одан 13 жылдан кейін 1478 жылы құрылған. Қазақ хандығы Жошы ұлысының бір бөлігі. Оның тарихы одан да арыда жатыр. Сіздер бірінші орыс патшалығы деп жүрген Киев русінің орнында бұрын Орыс қағанаты болған деп едім, өздерінің тарихын білмейтінін айтып, қызу пікірталас жасады.

**– Көшпенділердің тарих сахнасынан өз орнын қалай жоғалтқанын да көп адам біле бермейтін секілді?**

– Көшпенділер бұрын күнделікті тұрмысына қажет бұйымның бәрін өздері жасаған. Атыс қаруы келген кезден бері ғана біртіндеп көшпенділердің беделі түсе бастады. Оны Шыңғыс ханның кезінде қытайлар пайдаланатын. Алайда ол кезде қытай деген түсінік болмаған. Шыңғыс хан Зин империясымен соғысқан. Ал ол жужындардың империясы. Жужындар шалғай шығыстағы көшпенді халық болған. Олар Қытайға келген кезде Ляу империясын қиратқан, ал Ляу империясын қидандар құрған болатын. Шыңғыс хан Зин империясымен соғысқан кезде олар оқ-дәрімен ататын зеңбіректерді пайдаланған. Бірақ ол әлі дамымағандықтан күші әлсіз болды. Кейін олар Шыңғыс хан армиясымен Еуропаға дейін келіп, еуропалықтар оны ары қарай жетілдіреді. Оқ-дәріні Еуропада ең алғашқы боп пайдаланған Осман империясы болды. Сол кезде үлкен пушкаларды солар пайдаланған.

Жалпы, біздің заманымызға дейінгі V ғасырдан біздің дәуіріміздің XV ғасырына дейін көшпенділер 2 мың жыл Еуразияда ең күшті әскери күш болды. Кейінгі 300-400 жылда ғана еуропалықтар отты қарудың әлеуетін пайдалана бастады. Біздің өз басымдығымызды жоғалтқан себебіміз басқалардан айтарлықтай күшті болдық. 2 мың жыл бойы бізге ешкім қарсы шыға алмай жүрді. Өйткені, біздің жауынгерлеріміз 5 жастан бастап атқа міне алады. Күнде көкпар тартады. Бәйгеге қатысады. Аударыспақ ойнайды. Садақ атады. Қалай атыс қаруы пайда болды, 5 жастан бастап ат үстінде жүрген адамды оқ-дәріге ие болғандар бір оқпен атып тастап, басымдықты өз қолына алған.

**– Сұхбатыңызға рақмет.**

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**
**«Заң газеті»**

БАСҚОСУ

# АСТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМЫ –
## ЕҢ ҮЛКЕН ДИАЛОГ АЛАҢЫ

**Астана халықаралық форумы (ХФА) сыртқы саясат және халықаралық қауіпсіздік, халықаралық даму және орнықтылық, энергетика және климаттың өзгеруі салаларындағы, сондай-ақ, экономика және қаржы саласындағы негізгі жаһандық сын-қатерлерді шешуге бағытталған бірегей форматқа ие. Форумның тақырыбы – «Диалог арқылы сын-қатерлерді еңсеру: ынтымақтастық, даму және прогресс жолында».**

Бүгінде әлем жедел іс-қимыл мен келісілген күш-жігерді қажет ететін мәселелерге тап болуда. Оны мүдделі тараптар арасындағы диалог пен келісімсіз шешу мүмкін емес. Тек диалог пен ынтымақтастық арқылы біз неғұрлым тұрақты және әділ әлем құра аламыз.

АХФ эксклюзивті сипатқа ие, оған 300-ге жуық танымал шетелдік спикерлер қатысады. Жалпы, АХФ-ға барлығы 1000-ға жуық адам қатысады деп күтілуде. Сонымен қатар, форум инвесторлар үшін, еліміз үшін маңызы зор іс-шара болып табылады.

АХФ – ең үлкен диалог алаңы, оны «Азиялық Давос» деп санауға болады. Қазіргі заманның ең өзекті мәселелерін талқылау жоғары сарапшылар тобының қатысуымен олардың шешімін іздеу – шараның маңызды міндеті. Қазір Қазақстанның халықаралық пікірталас орны болуға мүмкіндігі бар. Бұл жағдай – еліміздің дамуына қажетті елеулі инвестициялық үлесті қамтамасыз етеді. Сауданы дамытуға және ірі компаниялармен, қаржы институттарымен жаңа байланыстар орнатуға мүмкіндік береді. Отандық тауарларды сату және экспортқа шығару үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Форум қарсаңында Astana Finance Days халықаралық конференциясы өтіп, одан кейін шетелдік инвесторлар кеңесте бас қосты. Іс-шараның маңыздылығын шақырылған спикерлер мен делегаттардың деңгейі көрсетіп тұр. Олар – қазіргі проблемалардың ықтимал шешімін талқылайтын әлемдегі алдыңғы қатарлы тұлғалар. Халықаралық инвесторларды тарту, елде және әлемде экономикалық саясаттың күн тәртібін қалыптастыру үшін жаңа идеялармен алмасу форумның тиімділігін көрсетеді.

**А.ҚҰРМАНҒАЛИ**



ТУРИЗМ



**Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаевтың мәліметінше, 2022 жылы Маңғыстау облысына шетелден және ел өңірлерінен 310 мыңнан астам турист келген. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 6%-ға көп. Өңірде туризм саласында көрсетілген қызметтер көлемі 11,5 млрд теңгені құраған (өсім - 1,6 есе).**

# МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БИЫЛ 320 МЫҢНАН АСТАМ ТУРИСТІ ҚАБЫЛДАМАҚ

Өңірдің туристік саласын дамытудың маңызы жыл өткен сайын артып келеді. Мұны саладағы оң динамикадан да көруге болады. Туризмнің дамуы көлік инфрақұрылымына тікелей байланысты. Туристердің әуе көлігімен келуіне барлық жағдай жасалған. Бүгінде Үкіметтің қолдауымен ұшақтар халықаралық және ішкі бағыттар бойынша 24 бағытта аптасына 110 әуе рейсін, оның ішінде алыс және жақын шетелдерге 16 бағытта 45 әуе рейсін жасайды.

Жыл басынан бері «Ақтау халықаралық әуежайымен» тасымалданған жолаушылар саны 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 14% артып, 407 490 жолаушыға жетті. Мәселен, курорттық аймақтарды дамыту аясында 2022 жылы жергілікті инвесторлар 4 жобаны іске асырған. Нәтижесінде 1,1 млрд теңгеден астам инвестиция тарта отырып, 80-нен астам жаңа жұмыс орны құрылған.

1. «Нефтемаш» КЗ» «Сартас» келушілер орталығын салу

2. «Фламинго курорты» демалыс базасы («Фламинго» ЖШС)

3. Глампинг Teniz Village («Techno west ltd» ЖШС)

4. «AURA» демалыс базасы («Алека» ЖШС)

- 2023 жылы 210 жұмыс орнын құрумен 6 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда, жалпы құны – 100 млрд теңге. Бұл жобалардың барлығы өңір экономикасын дамыту үшін оң мультипликативті әсер етеді, – деді облыс әкімі Нұрлан Ноғаев.

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

# СУ ТАПШЫЛЫҒЫН ЖОЮ ШАРАЛАРЫ ЖҮЗЕГЕ АСУДА

**Маңғыстау облысында 2025 жылға дейін жалпы қуаттылығы тәулігіне 200 мың текше метрге жуық жеті су тұщыту жобасы қолға алынып жатыр.**

«Қазіргі уақытта облыста ауыз суды тұтыну көлемі 162 мың текше метрді құрайды. Ал тапшылық әсіресе, жазғы кезенде сезіледі, қажеттілік тәулігіне 77 мың текше метр. Сондықтан қазіргі уақыттан бастап су тапшылығын жоюға байланысты жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Мәселен, «Қаражанбас» кен орнында қуаттылығы тәулігіне 17 мың текше метрді құрайтын су тұщыту зауыты іске қосылған. Бұған дейін кәсіпорын «Астрахань-Маңғышлақ» құбырынан су алып келген болатын. Нәтижесінде «Астрахан-Маңғыстау» су құбырынан босаған 10 мың текше метр ауыз су Жаңаөзен қаласы, Бейнеу, Жетібай ауылдары тұрғындарының игілігіне пайдаланылуда. Су тапшылығын жою мақсатында жүзеге асып жатқан тағы бір шара «Каспий» су тұщыту зауытының қуатын екі есеге ұлғайту арқылы тәулігіне 40 мың текше метрге дейін жеткізу жоспарлануда. 2022 жылдың жазғы маусымында қуаттылығы 5 мың текше метр тұщыту қондырғысы пайдалануға берілді. Ал қалған жұмыстар 2023 жылдың соңына дейін аяқталады.

«Сонымен қатар, Ақтауда жеке инвестордың есебінен тәулігіне 20 мың текше метр су тұщыту қондырғысының құрылысы жүргізілуде. Жыл соңына дейін 10 мың текше метр су алуды жоспарлаған. Мемлекет басшысы алға қойған 12 ауылды орталықтандырылған сумен жабдықтау жөніндегі міндеті бүгінде толық орындалды. Нәтижесінде елді мекендерде халықтың ауыз суға қолжетімділігі 96%-дан 100%-ға дейін жетті», – деді Маңғыстау облысы әкімі Нұрлан Ноғаев Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында.

Бұдан бөлек биыл Ф.Шевченко қаласында тәулігіне 5 мың текше метр, «МАЭК» аумағында 24 мың текше метр және Кендірлі аймағында 50 мың текше метр су тұщыту қондырғыларын салу жұмыстары басталады.

ӘЛЕУМЕТ

# АҚТАУДА ИНЖЕНЕРЛІК ЖЕЛІЛЕР ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

**Халықты сапалы коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету мақсатында 2026 жылға дейін Ақтау қаласының 25 шағын ауданын 5 аймаққа бөле отырып, 919 км инженерлік желілерді, яғни су құбырын, кәріз және жылыту жүйелерін жаңғырту жоспарланған.**




Бүгінгі таңда 19 жобаны қаржыландыру мәселелері қарастырылуда, 1 кезең бойынша жобаның жалпы құны 20,4 млрд теңге. Оның ішінде, су құбыры бойынша 6 жоба, кәріз құбыры бойынша 6 жоба, кәріз тазарту станциялары бойынша 6 жоба және жылумен жабдықтау желілері бойынша 1 жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Өңір басшысының айтуынша, «биыл Ақтау қаласының 3«а», 3«б» шағын аудандарында және аурухана қалашығында жылу желілерін қайта жаңарту басталды. Жалпы ұзындығы 10,2 шақырым инженерлік желілер жаңғыртылады. Ол үшін республикалық бюджеттен 3,3 млрд теңге бөлініп, мердігер анықталды. Қалған шағын аудандарды жаңарту бойынша жұмыстар кезең-кезеңімен жүргізілетін болады.

БІР МҮДДЕ

# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН СУБСИДИЯЛАУҒА ҚОМАҚТЫ ҚАРЖЫ БӨЛІНДІ

**Ауыл шаруашылығы саласы ел экономикасының негізгі салаларының бірі. Ағымдағы жылы ауыл шаруашылығының шағын және орта бизнестегі кәсіпкерлерін, шаруа қожалықтарын қолдау мақсатында бюджеттен субсидиялауға 1,9 млрд теңге бөлінді.**

Атап айтқанда, мал шаруашылығын дамытуға – 818 млн теңге, егіншілікті дамытуға – 43,6 млн теңге, инвестициялық субсидиялауға – 720,4 млн теңге, сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға – 350 млн теңге. Мал шаруашылығы саласын субсидиялауға 2021 жылы 127 млн теңге бөлінсе, 2023 жылы бұл қаражат 818 млн теңгеге дейін ұлғайған.

Жалпы, өңірдің ауыл шаруашылығы саласын дамыту үшін 2019–2021 жылдары агроөнеркәсіптік кешеннің 1005 субъектісіне 2,33 млрд теңге көлемінде субсидия бөлінген. 2022 жылы 2,2 млрд теңгеге 661 агроөнеркәсіптік кешен субсидияланған. «Сондай-ақ, өңірде ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында біз «Ауыл аманаты» деп аталатын ауыл азаматтарына несие беру жобасын іске асырамыз. Жоба шеңберінде жылдық 2,5 пайызбен 5-7 жыл мерзімге шағын несиелер беріледі. Жалпы сомасы 1,2 млрд теңгеге 250 жобаны іске асыру жоспарлануда. Жоба ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға және олардың мәселелерін жедел шешуге мүмкіндік береді деген үміттемін», – дейді Н.Ноғаев бұл мәселе төңірегіндегі мәлімдемесінде.

КӨКЖИЕК

# ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ МАҚСАТ АЙҚЫН

**Маңғыстау облысының әкімі 2023 жылдың 4 айындағы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен алдағы жоспарлары туралы баяндады. Аймақ басшысы өз баяндамасында 2023 жылдың 4 айында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 900 млрд теңгеден асқанын, өңір экономикасына тартылған инвестиция көлемі 266 млрд теңгені құрағанын, бұл өткен жылмен салыстырғанда 3,8% және 46% артқанын атап өтті.**




Облыс басшысы инвестициялық жобалар бойынша көрсеткіштерге де тоқталып өтті. Оның айтуынша, өңірде екі жобаға 2 млрд теңге инвестицияланып жүзеге асқан. Бұл Жаңаөзендегі «Көркем әлем» ЖШС ет дүкендері желісімен ет өнімдерін қайта өңдеу зауыты және Ақтаудағы «Kaz Fruit Company» ЖШС көкөністер мен жемістерді сақтау қоймасы. Бұл жобалар 150 адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік берген. Ал жыл соңына дейін мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын құру арқылы жалпы құны 100 млрд теңге болатын 16 жобаны іске қосу жоспарланған.

Нұрлан Ноғаев Маңғыстауда «Қаламқас-теңіз», «Хазар», «Әуезов» кен орындарын игеру бойынша мұнай-газ жобасын іске асыру басталып жатқанын да айтты. Жобаға сәйкес, инвестиция көлемі 6 млрд долларды құрайды. «Қаламқас-Хазар» кен орнындағы алғашқы өндірісті 2028 жылдың соңында бастау көзделсе, ал теңіз платформасының құрылысы 2024 жылдың соңына жоспарланған.

Облыс әкімі өңірде «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағының жұмысы экономиканы дамытуда маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Соңғы мәліметтерге сәйкес, «Ақтау теңіз порты» АЭА аумағында 20 жоба іске асырылған, қалған 33 жоба іске асырылу сатысында. АЭА аумағына салынған инвестициялардың жалпы көлемі 286,8 миллиард теңгені құрайды, оның ішінде, шетелдік инвестициялардың мөлшері 169 миллиард теңге. Сондай-ақ, 416,8 миллиард теңгеге өнім өндіріліп, 1731 жұмыс орны құрылған, осы уақыт ішіндегі салық төлемдерінің сомасы 55,6 миллиард теңгеге жетіп, 3,7 миллиард теңгенің өнімі экспортталған.

АЭА ерекшелігі – инвесторларға салықтық жеңілдіктер мен қолдау, инфрақұрылымы бар аландар беру арқылы жобаларды іске асыру үшін оңтайлы жағдайлар жасау болып табылады. Бұдан басқа, ағымдағы жылдың ақпан айында Үкімет Ақтау портының, «Баутино» жүк айлағының және Құрық портының аумағын «Ақтау теңіз порты» АЭА аумағының құрамына енгізу туралы стратегиялық маңызды шешім қабылдады. Іс-шара Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың АЭА аумағында көліктік-логистикалық әлеуетті одан әрі дамыту және контейнерлік хаб құру туралы тапсырмасын орындау шеңберінде іске асырылды. 2023 жылдың мамыр айынан бастап екі порт та «Ақтау теңіз порты» АЭА-ның толыққанды қатысушылары болып табылады.

Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық саласында да ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Маңғыстауда ауыз су тапшылығын жою үшін бірқатар шаралар қабылданды.

Халықты сапалы коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету мақсатында 2026 жылға дейін Ақтау қаласының 25 шағын ауданының 919 шақырым инженерлік желілерді жаңғырту жоспарланған. Бүгінгі таңда 19 жобаны қаржыландыру мәселелері қаралуда, олардың жалпы құны бірінші кезең бойынша 20,4 млрд теңгені құрайды. Биыл Ақтау қаласының 3»а», 3»б» шағынаудандарындағы және аурухана қалашығындағы жылу желілерін қайта жаңарту басталды. Мұнда жалпы ұзындығы 10,2 шақырым инженерлік желі жаңғыртылады, ол үшін республикалық бюджеттен 3,3 млрд теңге қаралған. Қалған шағын аудандарда инженерлік желілерді жаңарту бойынша жұмыстар кезең-кезеңімен жүргізілетін болады.

Әкім өңірде газбен жабдықтау жұмыстары жалғасып жатқанын айтты. Биыл Каспий энергетикалық хабының «Жаңаөзен–Ақтау» магистральдық газ құбырын салу жобасы аяқталады. Ол Ақтаудың жаңа шағын аудандарын газбен жабдықтау үшін қажет. Бұдан басқа, 2023 жылдың басында Үкіметтің қолдауымен ұзындығы 308 шақырым болатын «Бейнеу–Жаңаөзен» газ құбырының екінші желісінің құрылысы басталды. Нысан 2023 жылдың соңында іске қосылатын болады.

Өңірдің денсаулық сақтау саласында да оң өзгерістер байқалған. Мысалы, 2022 жылы жеке инвестициялар есебінен Жаңаөзенде 175 төсектік көпбейінді аурухана салынып, пайдалануға берілген. Сондай-ақ, заманауи жабдықтармен жабдықталған 100 төсектік онкологиялық орталық іске қосылған.

– Медициналық қызметтердің қадамдық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін Маңғыстауда алты жеке ұйым ашылды. Олар алғашқы медициналық көмек көрсетеді. Облысты дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған Кешенді жоспары аясында Мұнайлы ауданында 150 төсектік орталық аудандық аурухана құрылысы жүргізілуде, – деді Маңғыстау әкімі.

Нұрлан Ноғаевтың айтуынша, денсаулық сақтау нысандарының материалдық-техникалық базасы жыл сайын жаңартылып отырады. Облыстық бюджеттен 352 бірлік медициналық техниканы сатып алуға 4,2 млрд теңге бөлінген. Облыстың кешенді жоспары шеңберінде республикалық бюджет есебінен лизинг арқылы жедел жәрдем станциясы үшін бес реанимобиль сатып алынған. Осылайша, бүгінгі таңда емдеу мекемелерін жарақтандыру көрсеткіші 93% құрап отыр.

Медицина саласындағы кадрлар тапшылығы мәселесін шешу үшін 2022 жылы облыс әкімінің 157 гранты бөлінген. Өңірде халықты жұмыспен қамту мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Нұрлан Ноғаев 2022 жылы өңірде 21 548 жаңа жұмыс орны құрылғанын мәлімдеді. Сонымен қатар, өңірдің ірі мұнай өндіруші кәсіпорындары мен олардың мердігер ұйымдарына 1741 жергілікті тұрғын жұмысқа орналастырылған.

– «Жұмыс жасаймын» жобасы бойынша 2023 жылы 742 жұмыс орнын құру жоспарланған. Сондай-ақ, халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан 987 жас бизнес-идеясын іске асыру үшін 400 АЕК мөлшерінде қайтарымсыз гранттар алды. 2023 жылы да бұл іс-шаралар жалғасатын болады – деді аймақ басшысы.

Бетті дайындаған Жазира ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ

МЕЖЕ

# СОТ ҚАУІПСІЗДІГІ - ЕЛ ҚАУІПСІЗДІГІ

**Сот ғимараты – айрықша қорғалуы тиіс, қауіпсіздік шаралары жан-жақты сақталған мемлекеттегі маңызды құрылымдардың бірі. Себебі, мұндағы жұмыс тек түрлі дауларды таразы басына салып, үкім шығарумен шектелмейді.**

Төрелік алаңында мемлекет атынан үкім шығарылады. Онда тәуелсіздігі мен мәртебесіне жоғары кепілдік берілген судьялар қызмет етеді. Әрі мемлекеттік маңызды мәселелер мен елдік мұраттарға қатысты ауқымды істер қаралады. Онда қаншама құпия құжаттар сарапталып, көптеген беделді тұлғалар куәлік ететіні тағы белгілі. Осыған орай, сот ғимаратындағы қауіпсіздікті мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінен бөліп қарай алмаймыз. Сот ғимаратына кірген азаматтарды арнайы құрылғымен тексеріп, өздерімен бірге қауіпті заттарды алып кіруіне тосқауыл қою ішкі қауіпсіздік бөлімінің міндеті.

Бұл тексеруді азаматтар кейде артық көріп, дұрыс қабылдамай жатады. Әлемдегі сот процестерінде талай шулы оқиғалардың болғаны тарихтан белгілі. Қауіпсіздік шараларының әлсіздігінен сот ғимаратына атыс, суық қару, оқ-дәрі алып кіріп, сот процесіне, судьяға, отырысқа қатысушыларға қауіп төндіріп, кепілдікке алу оқиғалары кейбір шет мемлекеттерде орын алған. Мұндай қауіпті жағдайларды қайталамау үшін барлық мемлекетте сот қауіпсіздігіне ерекше мән беріледі.

Бүгінде сот тарапындағы қауіпсіздік қатерлерін мониторингілеу, талдау, бағалау және болжау жұмыстары тұрақты жүргізіледі. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы шетелдік және отандық озық тәжірибені зерделеу, оны сот жүйесінің қызметіне енгізу жұмыстары да жыл сайын жетілдірілуде. Құқық қорғау органдарымен бірлесіп, судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің, сондай-ақ, олардың отбасылары мүшелерінің қауіпсіздігін, кәсіби қызметке байланысты өмірге және денсаулығына қол сұғылмауын қамтамасыз ету шаралары да тұрақты назарда. Осы мақсатта сот приставтарының қызметін үйлестіруге де жіті көңіл бөлініп келеді.

**Алена СУЮНДИКОВА,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының әкімшілік жетекшісі**

БАЗЫНА

**Елімізде балалар құқығын қорғау басты орында. Соның ішінде жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, мүгедек, мүмкіндігі шектелген балаларға әлеуметтік қамқорлық жасауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар баршылық. Әсіресе, «Отбасылық үлгідегі балалар ауылы мен жасөспірімдер үйлері туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» құжаттардың орны ерекше.**

# ЕРТЕ ЖАСТАН ЕҢБЕК ЕТУ БАЛАНЫҢ ДАМУЫНА КЕДЕРГІ

Бақытты балалық шақты мемлекеттік-құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етуде, құқықтық қорғалу механизмдерінде, оларды жетілдіру барысында бірқатар қиындық кездеседі. Атап айтқанда: балалардың үйден қашып қаңғырып жүруі, балаларды мәжбүрлеп еңбекке тарту, оның ішінде жезөкшелікке, есірткі сатуға баулу, баланың есірткіге құмарлығы, жасөспірімдердің қылмысқа құқық бұзушылыққа бейімделуі және т.б. Қазіргі таңда бұл проблемалар мемлекеттік қауіпсіздік деңгейіне дейін көтеріліп, басты мәселенің біріне айналды. Жастардың есірткіге құмарлығы адамзаттың тіршілік етуіне үлкен қауіп төндіріп отыр.

Елімізде әлеуметтік қорғаусыз, ата-анасыз қалған балалар қаншама. Мәліметтерге сүйенсек балалар үйінде мыңдаған жетім бала тәрбиеленуде. Балаларды мәжбүрлеп еңбек етуге итермелеу күннен-күнге өсіп келе жатыр. Сонымен қатар, отбасындағы балалардың да әлеуметтік қиындыққа байланысты көшеде қайыр сұрауы, автокөліктерді жуып пұл табуы күнделікті кездестіретін жайтқа айналды. Бұл мәселеге де көңіл бөліп, ұл-қызымыздың балалық шағын ұрламауға тиіспіз.

**Нұрсұлтан НҰРЖІГІТОВ,
Түркістан облысы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының сот отырысы хатшысы**

## ӘРТҮРЛІ

32. «ҚазАқша» МҚҰ» ЖШС, БСН 170240009063, Қазақстан Республикасы, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі» республикалық мемлекеттік кәсіпорнына микроқаржыландыру қызметіне берілген лицензиясының (№02.21.0001.М., 24.02.2021 ж. берілген) қолданылуын тоқтату туралы өтінішпен ерікті түрде жүгінгені туралы хабарлайды.

35. Семей қалалық сотына Николаева Елена Борисовнадан 1973 жылы 22 сәуірде туған Николаев Владимир Владимировичті хабар-ошарсыз кеткен деп жариялау туралы өтініш түсті. Николаев Владимир Владимировичтің жүрген жерінен хабары бар адамдардан осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде Семей қалалық сотына хабар беруді сұраймыз. Сотың мекенжайы: Семей қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 22. Тел.: +77472401985.

36. Федорова Лариса Петровна, ҚР, Ақтөбе қаласы, Ағайынды Жұбановтар көшесі, 273-53 мекенжайында тұрған анасы Федорова Валентина Ивановнаның, 07.11.1949 ж.т., Ресей Федерациясының Орынбор облысы, Соль-Илецк ауданы, Изобильное ауылының тумасы (соңғы мекенжайы: ҚР, Ақтөбе қаласы, Ливенцов көшесі, 2 үй, 11 пәтер) қайтыс болды деп тану туралы өтінішті Ақтөбе қаласының сотына жүгінді. Федорова Валентина Ивановнаның көріп-білген, жүрген жерін білетін жандардың осы жарияланым шыққан күннен бастап үш ай мерзімде мына мекенжай бойынша Ақтөбе қалалық сотына хабарлауын сұраймыз: ҚР, Ақтөбе қаласы, Сәтпаев көшесі, 16. Тел.: 8(7132)568507, e-mail: 713-1296@sud.kz.

38. Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №204-VI «табиғи монополиялар туралы» заңының 25-бабына сәйкес, 2023 жылғы 27 шілдеде сағат 10.00-де Алматы қаласы, Жароков көшесі, 196, конференц-зал мекенжайы бойынша сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне бекітілген тарифтік сметалар мен инвестициялық бағдарламалардың орындалуы, сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы, тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында қызмет тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы 2023 жылғы 1 жартыжылдықтың қорытындылары бойынша есептік жария тыңдауы өтетінін хабарлайды.

Барлық қосымша ақпаратты www.almatysu.kz сайтынан алуға болады.

39. ТМР – Қарағанды облысы. Жария тыңдаулар өткізіледі.

Қарағанды облысының Теміртау қаласы Табиғи монополия субъектілерінің өтінімдері бойынша жария тыңдау өтеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы шеңберінде бекітілген инвестициялық бағдарламаның 2023–2024 жылдарға өзгеруіне байланысты «Окжетпес-Т» ЖШС-нің және «Аква-Трейдинг» ЖШС-нің тарифі мен тарифтік сметасын бекітуге ұсынған өтінімін қарастыру бойынша жария тыңдау өткізілетіндігін хабарлайды (Қағидалардың 601-тармағының 4) тармақшасы).

Өтініш Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес ұсынылған.

Жария тыңдау келесі мекенжай бойынша өткізіледі:

2023 жылғы 13 маусым, сағат 11.00-де және 12.00-де, Теміртау қаласы, Қарағанды көшесі 45, мәжіліс залы, сонымен қатар Facebook әлеуметтік желісі (https://www.facebook.com/dkrem.krg) арқылы онлайн режимде өткізіледі.

Жария тыңдауға қатысуға мәслихат депутаттары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттік органдар, тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері, тәуелсіз сарапшылар, бұқаралық ақпарат құралдары, табиғи монополиялар субъектілері шақырылады.

Департаменттің байланыс телефондары: 8(7212)411827, 41-34-20.
«Окжетпес-Т» ЖШС-нің байланыс телефоны: 8(7213)996264
«Аква-Трейдинг» ЖШС-нің байланыс телефоны: 8(7213)934555

41. «Компания Инвест Сервис РК» ЖШС, БСН 120840000914, 23.05.2023 ж. өткен қатысушылардың кезектен тыс жиналысының хаттамасына сәйкес, жарғылық капиталдың 20 000 000 теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, «Таугүл» ықшамауданы, 48/1 үй.

## МҰРАГЕРЛІК

37. 19.12.2022 ж. қайтыс болған Абдуллаев Махамбеттің қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлердің мұраға құқық туралы куәлік алу үшін нотариус А.С. Жанакулованың кеңсесіне келуін сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 36 үй, 35 пәтер. Тел.: 87052700001.

42. 2023 жылы 25 қаңтарда қайтыс болған азамат Табараков Мирамбек Зинетоллаевичтің атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін Атырау қаласы, Авангард 3 ықшамауданы, 75 үй, 5 кеңсе мекенжайы бойынша нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз. Тел.: 87759557997.

## ТАРАТУ

2. Жақсы ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ (БСН 110740003359) таратылғаны туралы хабарлайды.Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Жақсы ауданы, Жақсы ауылы, Дружбы көшесі, 14.

3. Степногорск қаласының «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110740000833, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Степногорск қаласы, 4 шағынаудан, 1м, электронды пошта: stepcentrzan@mail.ru.

4. Шортанды ауданының «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110740006006, таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Шортанды кенті, 50 лет Октября көшесі, 91.

5. Біржан сал ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН110740005642, таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Степняк қаласы, Біржан сал көшесі, 76.

6. Жарқайың ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» ҚММ, БСН 110640016862, өзінің таратылғанын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданды: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Жарқайың ауданы, Державин қаласы, Школьный қиылысы, 24. Тел.: 8(71648)92404.

7. Аққөл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» МКМ, БСН 110740001739, таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Аққөл ауданы, Аққөл қаласы, Нұрмағамбетов көшесі, 92 үй.

8. Қосшы қаласы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 211240030966, таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Қосшы қаласы, Республика көшесі, 46 құрылыс.

9. Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110640018724, таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Есіл ауданы, Есіл қаласы, Қонаев көшесі, 15

10. Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110740007430, таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Сандықтау ауданы, Балкашино ауылы, Абылай хан көшесі, 119.

11. Ерейментау ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110640010695, таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Ерейментау қаласы, Т.Мұсабаев көшесі, 15.

12. Бурабай ауданының «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110740002142, таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Луначарский көшесі, 90.

13. Целиноград ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110640010695, таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Ақмол ауылы, «Бахыт» шағынауданы, 12 үй, ІШ-1, электрондық мекенжай tselin_jko@aqmola.gov.kz.

14. Бұланды ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ (БСН 110640014886) таратылғаны туралы хабарлайды. Шығымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Некрасов көшесі, 19.

15. «Общевоинский Союз KZ» ЖШС (БСН 150240016072) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абылай хан даңғылы, 8 үй, 26 пәтер.

16. Қазығұрт ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110640008168, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылдық округі, Қазығұрт ауылы, Д.Қонаев көшесі, ғимарат №75 және №59, пошта индексі 160300.

17. Сарыағаш ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110740006214, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 160900, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, С.Исмайлов көшесі, 67А үй.

18. Шардара ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110740003468, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Шардара ауданы, Шардара қаласы, Қазыбек би көшесі, ғимарат 14А, пошта индексі 161400.

19. Ордабасы ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110640010142, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қажымұқан ауылдық округі, Темірлан ауылы, Қажымұқан көшесі, 203 ғимарат.

20. Келес ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 180940016836, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, 160905, Келес ауданы, Абай ауылы, Т.Рысқұлов көшесі, 105/1 үй.

21. «Сарыағаш» тұрғын үй шаруашылығы» ЖШС, БСН 130140007036, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, ОҚО, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, Шымкентбайұлы көшесі, н/у.

22. Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110640012196, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ШҚО, Зайсан қаласы, Қабанбай көшесі, 10, тел.: 8(723-340)25225.

23. Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110640018630 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау обл., Мақат ауданы, Мақат кенті, С. Мұқашев көшесі, 36 үй. Тел.: 8(71239)30146.

24. Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110640012919, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ШҚО, Глубокое ауданы, Глубокое кенті, Пирогов көшесі, 6, тел.: 2-37-35, 2-37-52, 2-37-36.

25. ШҚО Ұлан ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110640015824, өзінің таратылатыны (қызметінің тоқтатылатыны) туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ШҚО, Ұлан ауданы, Қасым Қайсенов кенті, Абай алаңы, 5, тел.: 8(72-338)28123.

26. Балқаш қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 1 маусым №25/12 қаулысымен 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап «Қарағанды облысы Балқаш қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ (БСН 110740003001) өз қызметін тоқтататынын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Уәлиханов көшесі, 5 үй, телефон: 8(71036)75958.

27. Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 110740003864, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Энергетиктер көшесі, құрылыс 62.

28. «Ақ-ару» Несие серіктестігі» ЖШС (БСН 151040026530) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі ауылдық округі, Шиелі ауылы, Панфилов көшесі, 10 үй.

29. «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту орталығы» КММ (БСН 110740001312) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Сұлтан Сүлейменов көшесі, 70 үй

30. «Қармақшы аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің «Қармақшы ауданы бойынша халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ (БСН 110740001312) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Көшеней Рүстембеков көшесі, 1 үй.

31. «Перспектива +S» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 090840013794, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Железнодорожная көшесі, 1/1 үй.

33. «Жиделі Жаннат» қоғамдық қайырымдылық қоры, БСН 200640028815 (Түркістан обл., Арыс қаласы, Жиделі ауылдық округі, Жиделі ауылы, Абай көшесі, 19 үй), өзінің таратылатынын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру шыққан күннен бастап екі ай мерзімде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан обл., Арыс қаласы, Жиделі ауылдық округі, Жиделі ауылы, Абай көшесі, 19 үй. Тел.: 87763766999.

34. «Ulytau moll» ЖШС (БСН 150840013832) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ұлытау обл., Сәтбаев қаласы, Академик Қаныш Сәтбаев даңғылы, құрылыс 108А.

43. «АТАШ БАЛЫҚ» өндірістік кооперативі (БСН 180340010934) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау обл., Түпқараған ауданы, Баутино ауылы, «Аташ» тұрғын үй алабы, Ә. Жангелдин көшесі, 2 үй, 10 пәтер.

44. Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы жанындағы «Оқжетпес» балалар-жасөспірімдер футбол мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (БСН 090740000635) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 166 А.

45. «АХБК-Озат» ЖШС, (БСН 950440000020) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар Қазақстан, Абай облысы, Семей қаласы, Ибраев көшесі, 165 үй, ҚҚ мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған сәттен бастап екі ай ішінде қабылданады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты мен Сот әкімшілігінің ұжымы Сот әкімшілігінің Атырау облысы бойынша департаментінің басшысы Гүлжан Махсотқызы Жұмағалиеваға анасы
**Жұмажан Далабайқызы Доспаеваның**
қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**

**Алматы қаласы**
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

**ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:**

**ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.**

**ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.**

**«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.**

**ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.**

**«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС,** Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

**«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com**

**ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.**

**ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.**

**Арлан-консалтинг ЖШС,** Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

**«Грация» ЖШС,** Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

**«ЮрСлужба» ЖШС,** Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

**«Версия-Пресс» ЖШС,** Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

**Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК,** Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

**ЖК «Бакирова Г.»,** Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

**Михеева Ольга Станиславовна ЖК,** Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

**«Озат-1» ЖШС,** Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

**ЖК «SAPA KZ»** Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

**«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС** Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

**«Реклама» ЖШС,** Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

**ЖК «Сагидоллина Б.»,** 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

**«Компания Жете» ЖШС,** Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

**ЖК Гавриленко И.И.,** Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

**«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.**Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

**ЖК Тажибаева,** Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

**ЖК Новоселова Лилия,** Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

**ЖК «Reklam Servise»,** Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

**ЖК «Выдай»,** Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА

# СЫН САҒАТЫНДА



*(Соңы. Басы өткен санда)*

– Басқаша жағдайда күдіктіге қысым жасау, оны шындықты айтуға мәжбүрлеу мүмкін емес сияқты.

– Неге мүмкін емес. Мысалға, алдап-сулауға болады.

– Мына сөзіңе ден қойсам сен қылмыскерлер әлемінен мүлдем бейхабар жанға ұқсайсың. Егер біле-білсең ол ортада екеуміздің құлығымызды он орап алатын айлакерлер отырады.

– Ал, сен кәнігі қылмыскерлерді емес, алды-артын ойламай енді ғана қылмыс әлемінің есігінен сығалауға айналған жанды ойла, соны батпақтан шығаратын жолдыізде.

– Ол кім?

– Сөз Байжігітов туралы болып жатқан жоқ па?

– Естігенім бойынша оның шаруасы біткен сияқты ғой. Қылмыс жасағанын мойындап қойғанды енді не деп ақтамақсың?

– Соған күдіктенгеннен кейін ғой шындықтың бетін ашуға бекініп отырғаным.

– Сенімдімісің?

– Сенімім болмаса атымды бостанбосқа борбайлатпас едім.

– Ал, жарайды. Сонда маған қандай іс тапсырғың келіп отыр?

– «Шестерка», яғни жандайшаптарың керек.

Капитан ойланып қалды.

– Таптым делік. Оның қарымына не тартуға тиіспін? Алуды ғана емес, берерімді де алдын ала тоқып алмасам ісім құрдым. Әйтпесе, жандайшабым менімен сөйлеспек тұрмақ, маңайына жолатпас.

– Жақын-жуықтарымен кездесуіне және сырттан келетін алыс-беріске бөгет жасамауға кепілдік берсең.

– Мұны қанағат тұтса жақсы.

– Ептеп... Өзің білетін басқа да айлалар бар емес пе...

– Мәссаған! Енді мені сайқымазақтыққа итермексің бе? – капитан Олжас басын шайқай ыржиды, – Жарайды, оны keріге ысыра тұрайық, сондағы тындырарымыз?

– Күдікті жігіт алаңғасарлау екен. Әрі қақсоқпен ауызданып үлгермеген сары балапан сияқты. Тапқан адамың екеуін жеке камераға қамап, ол алдап-сулап шындығын айтқызса, оны жазбаға түсіріп алса. Бары сол ғана.

– Тордың арғы жағына өткендердің өз заңы бар екенін саған айтудың өзі артықтау. Оны бұзатындардың келешегі бұлыңғыр болатыны табалдырық аттаған сәттен миға тоқпақталатыны жаттанды құбылыс. Олай болса, өзінөзі нәжіс жанына қарай итеретіндер табыла қойса де... Сөйткенмен, ізденіп көрелік. Болса болар, болмаса болмас...

– Жақсы. Біздікі үмітсіз шайтан деген ғой...

Олар осымен тарқасқан.

* * *

Әрине, үмітке алдану бір басқа да, сол үмітті шындыққа айналдыру екінші басқа. Оған жететіндердің болғаны, жетпейтіндердің одан да көп екені және ақиқат. Міне, сонда әрекет деген ұғымның алға шығатыны бар. Ендеше, Сеpiктің құламауға тырысқан әрекетке жүгінгені жөн.

– Әуп!

Орнынан лып етіп көтеріліп аулаға шыққанда кешкі самал жанын рахатқа бөлеген еді. Ол енді аялдамады. Желөкпелердің қаны да, қанағаты да қызар түнгі клуб жақты бетке алды. Көздегені кешегі жағдайды тағы бір сараптан өткізуге мұрсат табу. Мүмкін, әріптесі кешегі түнде көрмегенді көріп, сезбегенді сезіп қалар, сонда жаңа жағдайдың сілемдері пайда болар деген үміттің жетелегені сөзсіз.

Ауыр қылмысты мойнына алған Жарылқасын Байжігітовтің не мақсатпен мұндай шешімге жүгінгенін түсіне алар емес. Шындығында оның адам өлтірмегені аян. Ондай қанішерлікке бара қоятын жігіт көрінбейді. Ез. Ал, ездер екілене алмайды, екіленбегеннен кейін қылмыстық әрекет жасамақ тұрмақ, оның маңайынан жүруге қашатыны шындық. Сонда мына қылығына не жорық? Бұл жерде бір гәптің жасырынғаны айтпаса да түсінікті. Соның көзін тапса барлық түйіннің шешілері шүбәсіз. Ал, керемет болсаң осы түйінді тауып көр.

Клубта оны ешкім құшақ жая қарсы алмады. Тіпті, келушінің полициядан екенін білгенде ондағылардың мұнымен кездесуден ат-тонын ала қашқаны аян. Тек клуб басшысын тауып, соған жолыққанда ғана ісі алға жылжыды. Кеше жұмыста болғандарды кабинетіне шақырғанда бір-екеуі жүрдім-бардым бірдемелерді міңгірледі. Сондағы айтқандары, екі-үш адамның керілдесіп қалғаны, сосын олардың сыртқа шығып кеткені. Болды бітті. Қалған жағдайдан қызметкерлер мақұрым. Өйткені, қылмыс көзден тасада, яғни сыртта жасалған.

Дәтке қуаты – клуб қызметкерлерінің бейнебақылау камерасынан тәжікеге қатысушыларды танып нұсқағаны. Осыған сайса, шынында негізгі оқиғада екі адамның анық белсенділігі байқалады. Оның бірі – қаза болған жан да, екіншісі – қала әкімі орынбасарының жүгірмегі. Бұл жігіт түнгі клубтың тұрақты келушісі екен де, оны мұндағылардың бәрі танитын болып шықты. Ал, сол екі белсенді сыртқа шыққанда оларға тағы екі жігіттің ергені таспаға түскен. Соңғыларын да қызметкерлер таныған. Бірі – беделді қызмет иесі баласының жанынан қалмайтын сыбайласы болса, екіншісі – сол айналаның «барып кел, шауып келі» Жарылқасын Байжігітов.

Бірақ, бұл бейнетаспадағы көріністер негізгі оқиғаны көрсетіп тұрған жоқ. Оны сыртта орналасқан камера да айқындамаған. Өйткені, жағдайдың бәрі көзден таса жерде өрбіген. Ендеше, шын мәнінде, қару кімге тиесілі және қаза болған жанға ол пышақты салған кім? Міне, дәл осы сұрақтың әлі де көмескіліктің шылауында қалып бара жатқаны нақ. Нақтылықтың тағы бір өкінішті жағы – қылмысты мойнына алып отырған адам бар да, оның әрекетін дәлелдеу не жоққа шығаруға нұсқайтын негіз жым-жылас. Дәл осыған сілтеме жасаса, таспадағы жазу бойынша, қалған екеудің тек куәгер қатарында қалып қоятыны айтпаса да түсінікті. Ал, бұл Серіктің бастапқы ойына кереғар жәйт. Сонда нені тұспалдап, нені анықтау керек екенін тап бүгін, не ертең шешпесе жағдайдың басқа бағытпен өрбитінін танудың өзі секемге серік қосатыны анықтықтың нағыз өзіне жататын. Осыны ойлағанда аға лейтенант таспа жазуын көшіртіп, сосын таспадағы адамдардың суретін қосымша шығартып алды.

Дәл сол тұста әлдекімнің:

– Таспаның көшірмесін кеше ғана қолдарыңызға табыстаған жоқпыз ба? Оны қайта-қайта алғаннан май шыға ма... – деп қалғаны.

Мына хабарға Серік елең етті.

– Оны кімге табыстап едіңіздер?

– Кешегі із кесушіге бергенбіз.

Қолына тиген папкіде ондай таспа жоқ. Әйткенмен сыр бермеуге тырысқан аға лейтенант сөз ауанын басқа жаққа аударып жіберді:

– Егер тағы басқа жәйттер еске түсетін болса хабарлассаңыздар құп көрер едік. Әйтеуір істің әділ шешілгені керек қой.

Сөзін аяқтаған Серік енді мұнда аялдау негізсіз деп сыртқа шыққанда аспандағы жұлдыздар қарасының молайғанын байқады. Алтын қайыққа мінген ай дәл төбеге шығып алған екен. Айнала сүттей әппақ. «Ендігі қарбаласты ертеңнен күтейін», – деді түн тыныштығы жайлаған қалаға қарай тұрып. Шынында қала қызылды-жасылды шамын жаға тыныштыққа шақырып тұрғандай еді.

* * *

Әлденеге алаңдағаннан шығар, кеш жатса да ерте оянып алды. Көзін ашқанда бөлме іші қаракөлеңкеліктен арыла қоймаған екен. Маңайдан қыбыр еткен тіршілік белгісі байқалсашы. Тек кіреберістегі есіктің жоғарғы жағына ілінген қабырға сағатының тықылы ғана уақыт дегенде тоқтау болмайтынын таныта «тық-тық» етіп өлі мен тірінің айырмасын дүниеге жариялай дамыл таппай тұрған. «Тық-тық, тық-тық». Сағат өз ырғағынан жаңылатын емес. «Үйде біреулер ұйықтап жатыр-ау, олардың тыныштығын бұзбайын» деп айналасына кеңшілік жасаудан аулақ. «Болсаң бол, болмасаң қой» дегендейін сыртылдап тілдерін алға қарай айналдырудан танбайды.

Тоқтай қал! Мына сыртыл бұған да ескерту емес пе екен? Олай болатыны, негізгі уақыттың басым бөлігі бүгін кешкісін аяқталмақшы. Яғни, Серікке берілген уақыт та сөресіне жетіңкіреп, Жарылқасын Байжігітовтың тағдыры шешілер, екі ай бойы қамауда ұстауұстамау сәтінің айқындалар тұсы таяй түсетіні белгілі. Сонда оның қорытындысы немен тынбақ? Бүкпен бе, әлде шікпен бе? Жігіттің қылмысты мойнына алуына жүгінсе бүкке ауады, ал жаңа деректер тауып оны жазадан арашалап қалса шік түсіп ширенері анық. Ендеше, не жатыс? Әуп!

Киініп жатқанында да, жуынып келіп оразасын ашқан мезетте де миынан бір сұрақтың кетпей қойғаны. «Таспаға көшірілген бұрынғы жазба қайда кеткен? Оны кімдер және не үшін жасыруға мүдделі?» дейді ұйқытұйқы ойы. Былай қарасаң, дәл осы жағдайдың қылмысқа ықпалдылығы да шамалы. Жәй, анау екі жігітті куәгер ретінде тартуға болатын ілгек қана. Солай бола тұра оның айғаққа тігілмегені несі? Әлде бұл басы артық жандарды іс барысынан мүлдем аластатудың амалы ма? Ол да ғажап емес. Не қылса да бір қитұрқылықтың жасырынғаны шындық.

Сонда бүгінгі таңды немен және қайдан бастаса? Әлде анау екі жанды куәгер ретінде тергеуге алса ма? Бірақ, олар кешегі екінші із кесушіге берген «жаттандыларын» қайталаудан жалықпайды ғой. Әлде...

Осы мәселе кесе-көлденең тартылғанда ең алғаш тоқтағаны «үйінен» деген таңдау еді. Иә, иә, күдіктінің үй-жайынан, тұрмыс-тіршілігінен хабар алғаны жөн. Көршілерімен жүздессе тіптен жақсы. Біреу-міреудің мына төңірекке қатысты бір деректің шетін қылтитуы әбден мүмкін. Көршілер, әсіресе есік алдын баққан кемпірлердің білмейтіні бит астында. Олардың тамырын дәл баса алсаң айыңның оңынан туғаны. Ендеше, сәтті күн болсын, болашақ подполковник мырза!

Генералға әзірге ауыз қышытуды жөн санамады, сондықтан бастығының лауазымымен шектелді. Е, подполковниктен бір аттаса полковник, соның артында генерал шенінің тұрғаны онсыз да анық жай емес пе.

Жарылқасын әжесінің үйінде тұратын болып шықты. Кәдімгі халық арасында «трамвай» деп аталып кеткен, біріне екіншісі жалғасқан, бірінен екіншісіне тікелей өтетін екі бөлмелі пәтер. Әжесі кәріліктің құрсауына берілген, қимыл-қозғалысына таяныш іздеген кейуана екен. Оның үстіне құлағы да ауыр естігендіктен, әңгімелерінің жараса қоймағаны айтпаса да түсінікті. Ол әр сөзін ежіктеп отырғанда түсінгені, кеше кешкісін Жарылқасынның жолдастары келіп кеткенге ұқсайды. Өздері бір иманжүзді балалар болса керек, немересінің әлдеқандай шаруа жайымен басқа жаққа кететінін түсіндіріпті. Бос келмепті, мың болғырлар кемпірдің қолына біраз ақша ұстатыпты. Ол Жарылқасынның келешекте алар жалақысының бір бөлігі ғана екен. Кейіннен де келіп тұратындарын айтыпты. Сонда тағы қаражат алып келмек. Сөздің қысқасы, ендігі таянышы осы жігіттер екен. Болған-біткені сол ғана.

Ақшаны шып-шырғасын шығармай қылмысқа қатысты дәлел ретінде қағазға түсіріп, оны қатар есіктегі көршісінің көзінше қаттағанда Серік бойынан ауыр жүк түскендей жеңілдеп қалғанын сезінді. Бірақ бұл жақсылықтың басы ғана екен, бар қызық аға лейтенант мына пәтерден шыға бергенде болды.

Есік аузында қарсы есіктегі пәтер иесі, кексе әйел күтіп алған-ды.

– Әй, сен кімсің? – деп сұрады ол әйел әй-шайға қарамастан. Аға лейтенант құжатын көрсетіп, жөнін айтқанда тағы қарап тұрмады:

– Мына можантопайлар не біледі деп соңдарынан салпақтап жүрсің? – деді қатқыл дауыспен, – Біле білсең қазіргі кемпірлер қазан-ошағынан әріні көрмесе, қазіргі әйелдер байлары мен балаларынан арғы ештеңеге көңіл аудармайды. Қыбыр еткеннен мақұрым.

Сәл тосыла сөзін жалғады:

– Мен оларды танимын, – деді сосын суырыла, – Өздері кейінгі кезде осында үйір болып алды. Кеше де анау екі сужұқпастың келіп кеткенін байқадым. Алдыңғы күні де түннің бір уағында кіре берісте олар ұзақ отырды. Сырттағы тықырдан секемдене көзтартардан сығалағанымда көргенім әнебіреуісі бір шүберекке оралған ұзынша келген затты Жарылқасынға қайта-қайта тықпалаумен болды. Жарылқасын әуелгіде оны алмаған, бірақ кейіннен қойнына жасырғанын байқадым. Көп сөздерін ести алмадым. Дегенмен, «соттатпаймыз... жақсы қорғаушы жалдаймыз... бір-екі жылда шығарып аламыз... әжеңді ақшадан тарықтырмаймыз» дегендерін үзік-үзік құлағым шалды.

Мынаны естігенде Серік:

– Суретін көрсетсем оларды танырма едіңіз? – деп сұрады жұлып алғандай.

Кексе әйел тартынбады:

– Неге танымасқа? Әзірге есімнен жаңылған жоқпын, жадым да баяғы қалпында, бір шалды қартайтарлық саулығым бар, – деді саңқ етіп. Ал, кеше кешкісін таспадан шығарып алған суретті ұсынғанда кексе әйел жанып түсті.

– Тап өздері! Негізі әлденені Жарылқасынға тықпалап, дамыл таппай сөйлеген анау бұйра бас. Тапалы оны қолдаумен ғана отырды. Кейіннен үшеуі, әлденеге келіскен болса керек, әйтеуір ың-шыңсыз далаға бірге шығып кетті. Одан беріде көршінің немересін көрмедім. Қарсы есіктегі әйел оның сөзімен толтырылған түсінікке қол қоярда атынан тағы түспеді:

– Мен жолдан тайған ешкімді аямаймын, – деп сілкініп қалды, – Өз қолымен қылмыс жасады ма, онда өз мойнымен салмақты көтеріп алсын. Шақыра қалса сотта да осыны айтарым анық. Кессе онсыз да кесілген бір жерімді кесіп алсын! Вот, так!

* * *

Кеңсеге келгенде ертеңгілік абыр-сабыр басылып, әркім өз шаруасымен айналысып кеткен екен. Керекті құжаттарды реттестіріп, қылмысқа қатысты ойларды қорыта хаттама толтырғаннан кейін өз тарапынан қаулы дайындап Керімбай Мырзабековке кіргенде ол кісі әуелгіде тоң-торыс қарсы алды.

– Қалай, жұмысыңды реттей алдың ба? – деп сұрады бастығы сол қалпында енжар.

Серік қолындағы жондана түскен папкіні подполковниктің алдына қарай сырғытып қойды.

– Тырысқандағым осы болды.

– Көрейік...

Құжаттарға көз жүгіртіп өткенде бастығының жүзіне шырай кіргенін байқады.

– Бәсе, өзім де солай ойлаған едім, – деді ол сосын, – Кабинетінде ыздиып отыратын жанның аяқ астынан безілдеп кеткенінен бекер сезіктенбеген екенмін. Жақсы, үмітімді ақтадың. Дегенмен бұл жұмыстан сені сырт қалдыра алмаймын. Соңына шейін өзің жеткізесің. Келістік пе?

– Құп!

Көп өтпей арнаулы топ әкімнің орынбасарының баласы мен сыбайласын уақытша ұстау орнына жеткізіп, Серік Жарылқасынға ешқайда кетпеу туралы құжатқа қол қойдыртып алып жатқан.

Сын сағаты осылай жалғасын тапқан.

**Төкен ӘЛЖАНТЕГІ,**
**Жазушылар одағының мүшесі,**
**халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері**

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
**Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

**Меншік иесі:**
**«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»**
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

| | |
|---|---|
| **Астана** | Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. |
| **Алматы облысы** | Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. |
| **Ақтөбе облысы** | Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. |
| **Атырау облысы** | Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. |
| **Маңғыстау облысы** | Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. |
| **Қызылорда облысы** | Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. |
| **Түркістан облысы** | Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 |
| **Батыс Қазақстан облысы** | Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70. |

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

**E-mail: zanreklamaastana@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
**Жеке таралым 5615 дана**
**Апталық таралым 11 230 дана**

Тапсырыс №82 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31